



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім  
білім бағдарламаларына мамандандырылған аккредиттеу стандарттар  
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сарапшы комиссиясы  
жұмыс нәтижесінің

# ЕСЕБІ

28-30 қараша 2017 жыл

Ақтөбе 2017

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
**Сыртқы сараптамалық комиссия**

**АРТА**  
**Аккредиттеу кеңесіне**  
**арналған**



**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім**  
**білім бағдарламаларына мамандандырылған аккредиттеу стандарттар талаптарына**  
**сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сарапшы комиссиясы жұмыс нәтижесінің**  
**ЕСЕБІ**  
**28-30 қараша 2017 жыл**

**Ақтөбе қ.**

**«30» қараша 2017 жыл**

## МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ .....	3
(II) КІРІСПЕ .....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ .....	5
(IV) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ .....	6
(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	<b>8</b>
5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты.....	8
5.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты .....	11
5.3. «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандартым .....	13
5.4. «Тұрақты мониторинг және білім беру бағдарламаларын мерзімдік бағалау» стандарты.....	17
5.5. «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты.....	20
5.6. «Білім алушылар» стандарты .....	22
5.7. «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты .....	25
5.8.»Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты .....	27
5.9. «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты .....	30
5.10. Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар .....	33
(VI) КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ/ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР.....	36
(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ .....	38

## (I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

**АКТ** – Ақпараттық-коммуникативті технологиялар  
**АЖ** – Ақпараттық жүйелер  
**АӨМУ** – Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
**ӘБҚ** – Әкімшілік-басқару қызметі  
**ББ** – Білім бағдарламалары  
**БжҒСБК** – ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласын бақылау Комитеті  
**БПД** – Базалық пәндер  
**ҒЗЖ** – Ғылыми-зерттеу жұмысы  
**ЖБП** – Жалпы білім беру пәндері  
**ЖЖЖ** – Жеке жұмыс жоспары  
**ЖІЖК** – Жастар ісі жөніндегі комитет  
**ЖОЖ** – Жұмыс оқу жоспары  
**КБТ** – Кредиттік білім беру технологиясы  
**КП** – Кәсіптендіру пәндері  
**ҚБТ** – Қашықтықтан білім беру технологиясы  
**ҚОЖ** – Қашықтықтан оқыту жүйесі  
**ҚР** – Қазақстан Республикасы  
**ҚР БжҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
**ҚР ҰҒА** – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы  
**МАК** – Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы  
**МББ** – Модульдік білім беру бағдарламасы  
**МҒЗЖ** – Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы  
**МЖМБС** – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
**МК** – Міндетті компонент  
**МОӘК** – Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені  
**МӨЖ** – Магистранттардың өзіндік жұмысы  
**ОӘК** – Оқу-әдістемелік кешен  
**ОКП** – Оқу-көмекші персонал  
**ОЖСБ** – Оқу жетістіктерін сырттай бағалау  
**ОСӨЖ** – Оқытушылардың басшылығымен жүретін студенттердің өзіндік жұмысы  
**ПОҚ** – Профессорлық-оқытушылық құрам  
**ПОӘК** – Пәннің оқу-әдістемелік кешені  
**ПрОӘК** – Практиканың оқу-әдістемелік кешені  
**ПЭОӘК** – Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені  
**PhD** – Философия бойынша Доктор/докторантура  
**РББ** – Редакциялық-баспа бөлімі  
**СҒЗЖ** – Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы  
**СӨЖ** – Студенттердің өзіндік жұмысы  
**ТЖ** – Тәрбие жұмысы  
**ТК** – Таңдау компоненті  
**ТОЖ** – Типтік оқу жоспары  
**ҰБТ** – Ұлттық бірыңғай тестілеу  
**ЭОӘК** – Электрондық оқу-әдістемелік кешен  
**ЭПК** – Элективті пәндер каталогы

## (II) КІРІСПЕ

2017 жылдың 28-30 қараша аралығында 25.09.2017 жылдың №46-17-ОД бұйрығына байланысты АРТА сыртқы сарапшылар комиссиясы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 5В020700-Аударма ісі, 5В040900-Хореография, 5В010600-Музыкалық білім білім бағдарламаларының АРТА мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау жұмыстарын жүргізді (24.02.2017 жылы №10-17-ОД бекітілген, бесінші басылым)

Сыртқы сарапшы комиссиясының (ССК) есебі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ББ бағытының параметрлері мен ББ жетілдіру бойынша ССК ұсыныстарын, АРТА критерийлеріне ұсынылған білім бағдарламаларының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

### ССК ҚҰРАМЫ:

Комиссия төрағасы – Пак Юрий Николаевич, т.ғ.д., Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің профессоры (Қарағанды қ.);

Шетелдік сарапшы – Тайиров Миталип Муратович, ф.-м.ғ.д., Баткен мемлекеттік университетінің профессоры (Қызыл-Қыя қ., Қырғызстан Республикасы);

Шетелдік сарапшы – Вязьмин Юрий Николаевич, п.ғ.к., профессор, Л. және М. Ростроповичтер атындағы Орынбор мемлекеттік өнер институты, Қосымша кәсіби білім беру мен инновациялық технология орталығының директоры, Ұлттық аккредитациялық орталығының кәсіби білім саласындағы эксперттер Гильдиясының expertі (Орынбор қ., РФ);

Сарапшы – Аубакирова Жанара Яхияевна, э.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жоғары мектеп экономикасы кафедрасының профессоры (Алматы қ.);

Сарапшы – Кулахметова Мергуль Сабитовна, филол.ғ.к., С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті. (Павлодар қ.);

Сарапшы – Татаринава Лола Фуркатовна, қ.ғ.к., «Тұран» университетінің доценті (Алматы қ.);

Сарапшы – Дуйсембиев Марат Жолдасбекович, х.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті (Астана қ.);

Сарапшы – Кокшинова Светлана Юрьевна, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясы педагогика факультетінің деканы. (Астана қ.);

Студент – Башимова Мөлдір Асқарқызы, Қазақ-Орыс халықаралық университетінің 3-курс студенті (Ақтөбе қ.);

Студент – Баймагамбетова Айдана Саматқызы, Қазақ-орыс халықаралық университеті 3-курс студенті (Ақтөбе қ.);

Студент – Тыныштық Ақдана Бөлтекқызы, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4-курс студенті (Ақтөбе қ.);

Жұмыс беруші – Кунанова Дамиля Бахиткерейқызы, «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы адами капитал дамыту бөлімінің жетекшісі (Ақтөбе қ.);

Агенттік бақылаушы – Ниязова Гулияш Балкеновна, АРТА институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі (Астана қ.).

### (III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ) Батыс Қазақстан өңіріндегі жетекші ЖОО бірі болып табылады. Жоғары оқу орнының өңірдің ірі білім беру, ғылыми және мәдени орталығына айналуының өзіндік тарихы бар. Университет 1966 жылы қаланған Ақтөбе педагогикалық институтының мирасқоры болып саналады. 1990 жылы институтқа қазақтың тұңғыш профессор-лингвисті Құдайберген Жұбановтың есімі берілді. 1996 жылы 7 мамырда институт Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып қайта құрылды. 2001 жылы 31 қаңтарда университетке «мемлекеттік» деген мәртебе берілді.

ҚР Үкіметінің 03.02.2004 жылдың № 128 қаулысы бойынша Ақтөбе педагогикалық институтын құрамынан шығару арқылы университет қайта құрылды. ҚР Үкіметінің 29.05.2013 жылғы № 529 қаулысы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе педагогикалық институтының қосылуы негізінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

Университет қазіргі заман талаптарына сай дамыған материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етілген: 7 оқу корпустары, ғылыми зертханалар, 826 орындық акт залы бар «Студенттер Сарайы», «Жастар сарайы», оқу-өндірістік ғимараттары, спорт кешендері, спорт ғимараттары, жүзу бассейні, 2 студенттік жатақхана, студенттік емхана, агробиостанция, инновациялық технология мен телебайланыстар орталығы үшін ғимарат, кітапхана.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 2013 жылы 17 қыркүйекте ҚР БЖҒМ берген №13014680 мемлекеттік лицензиясына сәйкес жоғары білімнің 8 бағыты бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асырады: «Білім беру» (22 мамандық), «Гуманитарлы ғылымдар» (4 мамандық), «Құқық» (1 мамандық), «Өнер» (2 мамандық), «Әлеуметтік ғылымдар мен бизнес» (7 мамандық), «Жаратылыстану ғылымдары» (6 мамандық), «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (10 мамандық), «Қызмет көрсету» (2 мамандық) және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің 20 мамандығы (19 ББ магистратура, 1 ББ докторантура).

Университетте 10 факультет жұмыс жасайды (физико-математикалық, шете тілдер, жаратылыстану, филологиялық, техникалық, тарих, экономика және құқық, педагогика, кәсіби-шығармашылық және сырттай оқу факультеті). Аталмыш факультеттерде 31 кафедра қызмет атқарады.

2017 жылдың 1 қазан айында студенттер контингенті 10473 адам құрады. Оның ішінде 7808 студент күндізгі бөлімде, 2665 адам сырттай бөлімде білім алады. 2712 студент мемлекеттік грант негізінде оқиды. 4570 білім алушылар – өзге аудандар мен облыстардан, шетелден келгендер. 2017 жылы жұмысқа орналасқан түлектер саны 1682 адам (74,7%) құрады.

Университетте «Гуманитарлы зерттеулер институты» ғылыми зерттеу институты; «Қолданбалы математика және информатика», «Материалдардың радиациялық физикасы», «Тарих, этнография және археология» ғылыми зерттеу орталықтары; Оқу-өндірістік орталықтары, «Нанотехнология», «Жұбановтану» ғылыми зертханалары жұмыс жасайды. Сонымен қатар, 2017 жылы 16 ғылыми зертханалар мен жобалық кеңсені, коммерциалау офисін, «Қолданбалы математика және информатика», «Қытайтану» ғылыми зерттеу орталықтарын, типографияны қамтитын Инновациялық технологиялар паркі ашылды.

Профессор-оқытушылар құрамының саны 670 адам құрайды. Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар саны 292 адам (45,8%), оның ішінде ғылым докторлары – 27 адам, ғылым кандидаттары – 252 адам, PhD – 13 адам, өнер, дене шынықтыру мен спорт саласындағы ҚР құрмет атағын иеленушілер – 6 адам, магистрлер – 194 адам.

#### (IV) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті білім бағдарламаларына мамандандырылған аккредиттеу бойынша сарапшы комиссия сапарының бағдарламасы негізінде 2017 жылы 28-30 қараша аралығында жүзеге асырылды.

Білім бағдарламаларының сапасы және ЖОО инфрақұрылымы жөнінде объективті ақпарат алу мен өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнын нақтылау үшін ректормен, проректорлармен, декандармен, бөлім басшыларымен (академиялық мәселелер және білім сапасын бағалау департаменті, қаржы-шаруашылық департаменті, ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаменті, үздіксіз білім беру институты, халықаралық ынтымақтастық орталығы, цифрлы технологиялар орталығы, маркетинг орталығы, қызметкерлерді басқару және заң қызметі бөлімі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі, іс-жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, ғылыми кітапхана, оқу-әдістемелік бөлім, тіркеу офисі және т.б.), кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен кездесу шаралары өтті. Кездесуге барлығы 112 адам қатысты (Кесте 1).

Кесте 1. АРТА сыртқы сарапшы комиссиясымен кездесуге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы ақпарат.

Қатысушылар категориясы/санаты	саны
Ректор	1
Проректорлар	3
Құрылымдық бөлім басшылары	17
Факультет декандары	5
Кафедра меңгерушілері	6
Оқытушылар	20
Студенттер, магистранттар	20
Түлектер	20
Жұмыс берушілер	20
<b>Барлығы</b>	<b>112</b>

Экскурсия кезінде ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жағдайымен танысып, кәсіби-шығармашылық және шетел тілдері факультеттерінің деканатын, Аударма ісі, Музыкалық білім кафедраларын, дәріс залдарын, инновациялық технология практин, студенттерге қызмет көрсету орталығын, Конфуций институтын, студенттер сарайын, спорт кешендерін, студенттік емханасын, жатақхана мен университет мұражайын аралап шықты.

ССК сапары шеңберінде төмендегі сабақтарға қатысу ұйымдастырылды.

- 5B020700-Аударма ісі ББ: бакалавриат студенттері үшін «Практика информативного перевода» және «Письменный перевод на родной язык» курсы бойынша практикалық сабақтар. Жұмыс мазмұны мен ұйымдастырылуы жақсы дайындалған,

оқытушылар жоғары ғылыми-әдістемелік әлеуетті байқатты, қазіргі оқыту әдістемесімен (мәселені шешу үшін жағдаяттық жұмыс тобын құру, мәселені ұжыммен шешу жолдарын іздестіру) қатар, техникалық құралдарды пайдалана отырып интерактивті әдістерді пайдаланды.

Оқытушы	Пән атауы	Шифры, тобы	Тақырыбы	Аудитория	Уақыты
Искиндирова Салтанат Куатовна, к.филол.н., доцент	Искиндирова Салтанат Куатовна, к.филол.н., доцент	302 АІ, о/т (15 студент)	Переводческие трансформации: прием смыслового развития	403	9.30
Тухтарова Акмарал Сердалиевна, преподаватель, магистр перевод.дело	Тухтарова Акмарал Сердалиевна, преподаватель, магистр перевод.дело	403 АІ, о/т (12 студент)	Offshore oil and gas exploration	220	10.30

– 5В020700-Аударма ісі ББ: бакалавриаттың 4 курсы «Письменный перевод на родной язык» пәні бойынша практикалық сабақ (филол.ғ.к., доцент Искиндирова С.К., оқытушы, аударма ісінің магистрі А.С.Тухтарова). Сабақта орыс тобының барлық 15 студенті қатысты. Сабақ тақырыбы силлабусқа сәйкес келеді. Оқытушы бақылауындағы тапсырмалардан өзіндік орындауға дәйекті өту негізінде материалды бекіту тәсілдерін қолдану арқылы сабақ тиісті әдістемелік деңгейде өткізілді.

– 3 кластер білім бағдарламаларының практика базаларына бару ұйымдастырылды:

«Ойлтехногрупп» ЖШС (директоры Сариев Сулеймен Кисимович).

«Intense pro» аударма бюросы (директоры Конырбаев Руслан).

№21 орта мектеп гимназиясы, №23 орта мектеп лицейі, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі (01.09.2016 ж.келісімшарт).

5В010600-Музыкалық білім ББ бойынша «Хоровому классу», «Вокалу», «Дирижирование», «Домбыра» и «Қобыз», «Фортепиано» халықтық аспаптау ойнау бойынша сабақтарға қатысты. Сабақтар тиісті әдістемелік деңгейде өтті, студенттер қызығушылықпен және ынтымақтастықпен жұмыс жасады.

5В040900-Хореография ББ бойынша келесі сабақтарға қатысылды:

- «История казахской и зарубежной хореографии», сабақ үш тілде өткізілді. Барлық 8 студент сабаққа қатысты. Сабақ тиісті әдістемелік деңгейде өтті, барлық студенттер берілген тақырып бойынша баяндамаларын оқып, белсенділік танытты.

- «Методические основы преподавания народно-сценического танца». Сабақты 3 курс студенттерімен Музыкалық білім кафедрасының оқытушысы Фролов К.В. жүргізді. Студенттер станок алдында экзерсис пен зал ортасында этюд көрсетті.

- «Методические основы преподавания классического танца». Сабақты 2 курс студенттерімен кафедра оқытушысы Мамбетов О.Н. жүргізді. Студенттер бірінші оқы жылы бойынша станок алдында экзерсис көрсетті.

Кафедра оқытушылары мен студенттері өздерінің орындау шеберлігін көрсеткен концерт тыңдалды. Акредиттелетін білім бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедра құжаттамасы зерттелінді, 3 кластер білім беру бағдарламаларының тәжірибе базаларына бару ұйымдастырылды.



АРТА ССК сапары шеңберінде ұйымдастырылған шаралар сарапшылардың университет оқу инфрақұрылымымен, материалдық-техникалық ресурстармен, ПО құрамымен, жұмыс берушілер ұйымының өкілдерімен, білім алушылармен және түлектермен тиянақты танысуына мүмкіндік берді. Бұл АРТА ССК мүшелеріне университет білім бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде келтірілген мәліметтерді АРТА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тәуелсіз бағалау жұмыстарын жүргізуге жағдай туғызды.

Жоспарланған бағдарлама шеңберінде университет қызметін жетілдіру бойынша ССК әзірлеген ұсыныстар 2017 жылы 30 қарашада басшылықпен кездесу барысында таныстырылды.

## **(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІЛІК**

### **5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

#### **Дәлелдеме бөлімі**

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ академиялық қызметін реттейтін құжат университеттің Ғылыми кеңесі отырысында бекітілген (№6 хаттама, 13 қаңтар 2016 ж.) «Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ академиялық саясаты» жинағындағы ережелер мен нұсқаулықтар ретінде берілген.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 2017 жылы Ғылыми кеңестің №11 хаттама 10 мамыр 2017 ж шешімімен бекітілген білім бағдарламаларын басқару бойынша қағидаларын айқындайтын және Аударма ісі, Музыкалық білім бітіртуші кафедраларының жұмыс жоспарларында, білім бағдарламаларының даму жоспарында көрініс табатын «Сапа саласындағы саясаты» қабылданды.

Жоғарыда көрсетілген ББ ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласын бақылау Комитеті берген мемлекеттік лицензия мен лицензия қосымшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография ББ бойынша білім алу мемлекеттік және орыс тілдерінде, орта білім негізінде, күндізгі оқу түрі бойынша жүргізіледі.

Қарастырылып жатқан бағдарламалардың дамуы мен жүзеге асырылуы, бірінші кезекте, университет миссиясы, көрінісі, даму стратегиясымен және ББ Даму жоспарларымен анықталады.

Білім бағдарламаларын басқару ҚР БжҒМ нормативті-құқықтық құжаттарына, 2016-2019 жж. арналған ҚР мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасына, 2017-2021 жж. арналған Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ миссиясы мен Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Университет миссиясы – ҚР және батыс өңірінің еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленген мамандарды дайындау.

Университет көрінісі: батыс өңірінің рухани орталығы мен ұлттық ЖОО дәрежесіне бағдарланған мемлекет шеңберіндегі бәсекеге қабілетті университет дамуы.

ББ жүзеге асыру жоспарының тиімділігін бағалау үшін объектісі мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік құжаттамасы, олардың мазмұнының нормативті талаптарға сәйкес келуі болып табылатын сыртқы және ішкі сарапшылардың аудиті жүргізіледі.

Сәйкессіздік анықталған жағдайда, оларды жою бойынша шаралар жоспары жасақталады.

5B010600-Музыкалық білім ББ бойынша оқу үшін компьютерлік техниканы, бағдарламалық өнімдерді – лицензиялық және сатып алынған, сайттарды, компьютерлік кластарды, оқу залдарын, кітап қорын, цифрлы оқу материалдарының қоры және т.б. қамтылған қолжетімді білім қорының ортасы құрылған. Жабдықтар, әдебиеттер мен бағдарламалық құралдарға деген қажеттілікті кафедра меңгерушісі айқындайды. Кафедра мен факультет сұранысы негізінде қажетті қорды сатып алу жүргізіледі. Білім беру қызметін басқару процесін реттейтін құжаттар іс қағаз номенклатурасына сәйкес жасақталған.

Білім бағдарламаларының даму индикаторларына мониторинг жүргізу оларды жетілдірудің негізі болып табылады және Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметінің бағыты бойынша көпшілік қабылдаған процедуралар арқылы жүзеге асырылады:

Түрлі деңгейде өткізілетін білім беру процесінің сапасын бақылау бойынша шаралар жазбалар, актілер, есептер түрінде жазылады және кафедра отырыстары мен Факультет кеңестерінде талқыланады. Шаралар динамикасы мен нәтижелерді талдау кафедра және Факультет кеңесінің отырыстарында қаралады.

2017-2021 жылдарға арналған университет дамуының Стратегиялық жоспары қабылданды (ҒК, №11 хаттама 10.05.2017 ж.), оның негізінде ББ стратегиялық даму бағыттары, шаралар, көрсеткіштер мен жауаптылық жасақталған.

ББ дамуы жоспарының жүзеге асырылуы соңғы нәтижесі үшін жауаптылық ПО құрамына жүктелген кафедралармен қамтамасыз етіледі. ББ жоспарын жүзеге асыру үшін жауаптылықты, университет сайтында орналастыруды және т.б. ұтымды және тиімді үлестіруге мүмкіндік беретін қызметтік нұсқаулар жасақталған.

ББ басшылығы ББ дамуының бағытын айқындау мен оны басқару үшін жұмыс берушілер өкілдерін тартады.

ББ басқару үшін қажетті ақпараттық, кадрлық, қаржылық және материалды-техникалық қорлар, сонымен қатар, ББ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттамалар қолжетімді.

ББ басқаруда ПО құрамының қатысуы еңбек нарығының сұранысы мен алдыңғы қатарлы ғылым жетістіктерін; элективті пәндер көлемін жоспарлауды; курс саясатын анықтауды; бақылау тапсырмаларын тапсыруын жүзеге асыруды; оқу-әдістемелік кеңес құрамындағы жұмысты; ББ бойынша қажетті ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді дайындау мен жариялауды және т.б. ескере отырып ББ өзектендіру арқылы жүзеге асырылады.

ББ тиімді жүзеге асырылуы мен оның қызметінің жалпы ЖОО жұмысымен сәйкестілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады:

- Орталықтандырылған жоспарлау (жүзеге асырылатын ББ ерекшелігі мен кафедра қорының әлеуетін (ПО құрамы, кодланылатын технологиялар, корпоративтік байланыстар, мазмұны (оқыту процесіне, ғылыми қызметке, жұмысқа орналасуға көмектесу, тәжірибе ұйымдастыру, тағылымдама және т.б.) бейнелейтін даму көрсеткіштерін кафедралар жеке айқындау құқығы берілген);

- Барлық бөлімшелер үшін бірегей мониторинг пен есептілік жүйесі;

- Оқу процесін ұйымдастыру мен еңбек қызметі жағдайымен қанағаттануы бойынша ПО құрамы, білім алушылар мен қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу (оқу процесі мен ЖОО инфрақұрылымы бойынша жауапты бөлімдер қызметінің жұмысын бағалауы енеді); мамандарды дайындау сапасы бойынша жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу.

### ***Талдама бөлімі***

Сонымен қатар, комиссия өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында дәлелденбегендігін көрсетеді.

ПО құрамының ғылыми-зерттеу қызметі және СҒЗЖ ББ даму жоспарында ішінара сандық көрсеткіштерді көрініс табады. Жұмыс бағыттары, зерттеу тақырыптары, болжамды ғылыми жарияланымдар нақтыланбаған. Жұмыс берушілер мен білім алушылар сұранысына сәйкес курстардың дәйекті жаңартылуында көрініс табатын ЭПК-мен бағдарламаның бірегейлігі қамтамасыз етіледі.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандартында бағалаушы критерийлерінің толық болуы Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ түрлі қызмет бағыттарын жетілдіру бойынша жасалған қадамдардың дәлелі болып табылады. Алайда, Университетте әр қызмет саласы (негізгі бизнес процестер мен олар үшін жауаптылар көрсетілмеген) бойынша жобалау, басқару мен мониторинг, факт негізінде оларды жетілдіру мен шешім қабылдау үшін жалпы университетшілік сапа тұжырымдамасы (сапаны қамтамасыз ету жүйесі) жоқ. Сапа жүйесінің жасақтау мен жұмысы барысында ЖОО мақсаттар мен қалаулы мақсаттарды, сонымен қатар, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтайды.

ББ басшылары жүзеге асырылатын білім бағдарламаларына туындайтын қауіп-қатерлерді айқындамайды. Қауіп-қатерлерді білу «қауіп-қатерге негізделген тәсілді» жасақтауға және алдын-алу шаралары үшін мүмкіндік береді. Қауіп-қатерге негізделген логикаға сүйене отырып жүзеге асырылатын жұмыстарды жетілдіруге бағытталған ЖОО корпоративті мәдениетін қалыптастыруға болады.

ББ даму жоспарында ғылыми қызмет пен ғылыми жариялымдар, мемлекеттік тілді білім алушылар үшін білім беру қорының оқу-әдістемелік қамтамасыз ету позициялары әлсіз бейнеленген.

Білім беру менеджменті бағдарламасы бойынша ББ басшыларының курстан өту ақпараты келтірілмеген.

#### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:***

Университетте инновацияларды басқару жұмысы мен ББ шеңберінде инновациялық процестерді енгізу тиісті деңгейде.

ББ басшылығының білім алушылар, ПО құрамы, жұмыс берушілер мен өзге мүдделі тұлғалар үшін қолжетімділік пен ашықтық қағидасы ұстанған.

Академиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ББ ПО құрамы түрлі инновациялық әдістер мен технологияларды пайдаланады.

ББ басшылығы білім алушылар үшін жайлы аудиторлық қор ұсынылады және жаңғыртылып жатыр.

ББ ПО құрамы біліктілікті көтеру процесіне белсенді қатысады.

Баламалы оқыту траекториялары бар мамандықтардың модульдік жұмыс жоспарларының жасақталуы.

Мамандық бойынша түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары көрсеткіштері.

Білім алушылардың кәсіби тәжірибе өтуге арналған кәсіпорындардың, білім беру және концерттік ұйымдардың жеткілікті дамыған жүйесі бар.

#### ***ССК ұсыныстары:***

1. Мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылмаған жағдайда шараларды қабылдау мен жақсарту жұмыстарын қамтитын үнемі мониторинг қызметі кіретін сапа мәдениетін дамытуды күшейту. Сапаны қамтамасыз етуді ұстану үшін мердігерлер мен әріптестер

(аутсорсинг) қызметінің бәріне, бірлескен/екідипломдық білім беру мен академиялық ұтқырлыққа қатысты болуы тиіс.

2. ББ жобалау, қауіп-қатерлерді басқару, мониторинг, жақсарту шаралары мен факт негізінде шешім қабылдауды қамтитын университетішілік сапаны қамтамасыз ету жүйесін дайындау.

3. ББ басшылығы ББ бірегейлігі мен даралығын, ББ даму жоспарының ұлттық даму ұстанымдары мен Университет стратегиясымен сәйкестілігін айқындау және тұжырымдау жұмыстарын жүргізуі тиіс.

4. 5B040900-Хореография ББ жақсарту мақсатында мүдделі тұлғалардың кең ауқымын қамту арқылы ББ даму жоспарын әзірлеуді белсендіру.

5. Кәсіби тәсілді ескере отырып 5B040900-Хореография ББ даму жоспарын жетілдіру.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 4, қанағаттанарлық – 10, жақсартуды қажет етеді – 3; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 4, қанағаттанарлық – 10, жақсартуды қажет етеді – 3; 5B040900-Хореография: күшті – 2, қанағаттанарлық – 9, жақсартуды қажет етеді – 6.

## **5.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты**

### **Дәлелдеме бөлімі**

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де ақпаратты басқару, оны жинау мен талдау процесінің оң динамикасы байқалады: Университет пен оның құрылымдарының ақпараттық қамтамасыз ету қызметі; Университет қызметі туралы ААЖ (автоматтандырылған ақпараттық жүйе) арқылы жағымды бұқаралық пікір қалыптастыру, университет пен оның құрылымдық бөлімдері қызметін жариялау жұмысында журналистерге жәрдемдесу, БАҚ мониторинг жүргізу, Университет қызметінің мәселелері бойынша қоғамдық пікірлердің өзгеру тенденциясын зерттеу және оған БАҚ ықпал етуін бағалау үшін жауапты Цифрлы технологиялар орталығы жұмыс жасайды.

Сайттың жалпы ақпараттық бөлімінде университет, оның құрылымы мен университет қабырғасында болып жатқан оқиғалар туралы мәліметтер қамтылған, университетішілік автоматтандырылған ақпараттық-желілік жүйе енгізіліп жатыр.

Сапаға қатысты ақпараттандыру жүйесі қамтиды: білім алушылардың үлгерім деңгейі, еңбек нарығында түлектердің сұранысы, негізгі ББ жүзеге асырылуының сапасымен білім алушылардың қанағаттануы, оқыту тиімділігі, кафедра қызметінің мониторингтік көрсеткіштері. Кафедраларда ақпаратты басқару процесі, соның ішінде жинау мен талдау енгізілген.

Барлық кезең бойынша әр студенттің оқу процесі туралы толық ақпаратты Цифрлы технологиялар орталығы ұсынады. Барлық пәндер бойынша жетістіктерді, GPA есепке алу жүргізіледі, бұйрықтар мен хабарландырулар орналастырылады. Іздеу жүйесімен әр студент пен оқытушылар бойынша ақпараттар, түрлі критерийлер бойынша есептер көрсетілген. «Универ» ААЖ және порталда орналастырылған барлық ақпараттар тек қызметкерлер мен студенттерге емес, сонымен қатар білім алушылардың ата-аналары үшін қолжетімді. ЖОО қызметін ұйымдастыруда жағымды сәті ретінде («бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс жасайтын Студенттерге қызмет көрсету орталығының ашылуы болып табылады.

Университеттің интернет-қорына хакерлік шабуылдардың алдын алу мақсатында сервистің жұмысқа қабілеттілігі үшін жауап беретін қызмет жағдайына мерзімді

мониторинг жүргізіледі, қорлар мен желілік операциялық жүйелерге пайдаланушылардың қолжетімділігіне шектеулер енгізілген.

Университеттің білім алушылары, жұмысшылары мен ПО құрамы жеке мәліметтерін өңдеуге келісімін рәсімдейді, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметінің заңдылығын «Жеке мәліметтер мен оны қорғау» ҚР заңы (№ 94-V , 21 мамыр 2013 жыл) растайды.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 2014 жылдан бастап университет түлектерінің мүдделерін біріктіруге бағытталған, мүдделердің ортақтастығымен айқындалатын қызметті жүзеге асыру үшін шақырылатын Түлектер ассоциациясы жұмыс жасайды.

Тіркеу және рейтинг бөлімі қойылған мақсаттарды орындауға байланысты жүйелі түрде сауалнама жүргізеді. Сауалнама қорытындылары бойынша ББ, кафедра мен жекелеген оқытушылар қызметінің нәтижесімен, ЖОО әкімшілігімен, факультет басшыларымен орнатылған қарым-қатынасымен қанағаттану көрсеткіштері талданады. Алынған ақпарат негізінде кафедра, факультет, университет өз қызметіне түзетулерді енгізеді, ББ тиімділігіне қол жеткізеді. Сауалнама қорытындылары оқу-әдістемелік кеңесте, университеттің ғылыми кеңесінде, кафедра отырыстарында қарастырылады және талқыланады.

5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім ББ қызметін талдау құралының бірі ретінде студенттер, жұмыс берушілер мен оқытушылар арасында жыл сайын жүргізілетін әлеуметтік сауалнама болып табылады. Факультетте қабылданатын мәлімет пен оның толықтығы жайында үнемі түрде білім алушылар арасында үнемі сауалнама жүргізіледі.

### ***Талдама бөлімі***

ББ «Ақпаратты басқару және есептілік» стандартының мазмұны мен мағынасын талдай отырып, комиссия университеттің кафедра отырыстарында, ректорат пен ғылыми кеңесте үнемі көрініс табатын студенттерді қабылдауға байланысты ақпарат пен есептілікті, білім жетістіктерін, контингент жылжуын, кадр құрамын, ПО құрамы мен студенттердің академиялық ұтқырлығын басқару жүйесі жүзеге асырылып жатқандығын көрсетеді. Үнемі студенттер мен оқытушылар, жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізіледі, сауалнама/сұхбаттасу нәтижесінде кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Алайда, өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбеген және ССК жұмысы барысында дәлелденбеген.

Университеттің ақпараттық-талдау жүйесі ББ тұтынушылардың қанағаттануына бағытталған ББ қызметіне үнемі мониторинг жүргізуді толыққанды қамтамасыз етпейді, кері байланыс немесе ББ білім алушылары мен мүдделі тұлғалардың сұранысына жауап беру дәлелдемелері біржақты көрсетілген.

ББ шеңберінде ПО құрамы, қызметкерлер мен білім алушылар қажеттіліктерінің қанағаттану деңгейін өлшеу критерийлері, сонымен бірге, оларды жою бойынша шаралардың ұйымдастырылуы ұсынылған жоқ.

Комиссия барлық бөлім мен олардың өзара қарыс-қатынас қызметінің үйлесімді механизмі байқалмайды деген қорытындыға келді. Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ Түлектер ассоциациясы, Жас ғалым кеңесі, Студенттік кеңес секілді кейбір бастамалар тиісті деңгейде жүріп жатқан жоқ, оларды жүйелілігі байқалмайды. Түлектермен сұхбаттасу кезінде кері байланыс орнату мақсатында Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ түлектермен жұмысты белсендіру ұсынылды.

### ***Күшті жақтары / үздік тәжірибелері:***

ББ шеңберінде жинақталатын және талданатын ақпарат Форма мен түрлер кесіндісіндегі білім алушылар контингентінің динамикасын ескереді.

Ақпаратты жинау мен талдау және оның негізінде шешімдер қабылдау процесіне ПО құрамының, қызметкерлер мен білім алушылардың қатысуы қамтамасыз етіледі.

Университетте ББ жүзеге асырылуы мен ЖОО-да оқыту сапасымен білім алушылардың қанағаттану деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмыс тиісті деңгейде қойылған.

Жүйлендіру үшін және жарғылық мақсатта келісімдері құжатта берілген білім алушылардың, жұмысшылар мен ПО құрамының жеке мәліметтерін қолдану және Заңмен бекітілген ақпаратты жинау мен өңдеу процедурасы ретке келтірілген.

### ***ССК ұсыныстары***

1. Ақпаратты жинақтау мен талдау және оның негізінде шешім қабылдау процесіне жұмысшылардың, білім алушылар мен ПО құрамының қатысуын белсендіру.

2. 5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім ББ туралы ақпараттарды үнемі сайтқа орналастыру.

3. 5B040900-Хореография ББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру мақсатында жүйелі түрде өңделген, нақты ақпарат қолданатындығын көрсету.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 5, қанағаттанарлық – 11, жақсартуды қажет етеді – 1; 5B010600-Музыкалық білім беру: күшті – 5, қанағаттанарлық – 11, жақсартуды қажет етеді – 1; 5B040900-Хореография: күшті – 3, қанағаттанарлық – 13, жақсартуды қажет етеді – 1.

### **5.3 «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты**

#### **Дәлелдеме бөлімі**

ББ қалыптастыру процесі аккредиттелетін ББ мазмұны мен құрылымын дайындауды, есепті дайындау мен жүзеге асырылуы бойынша ақпараттың талдауын, ББ жүзеге асырылуы негізіндегі шешім жобаларын келісілуін, ескертпе мен ұсыныстарды талдап қорытуды, басшыларға қорытындылар ұсынуды қамтиды. ББ қарастыру мен бекіту факультет кеңесінде, оқу-әдістемелік кеңесте және университеттің ғылыми кеңесінде жүзеге асырылады.

ББ әзірлеуде, бекітуде, өзгерту мен толықтыруда студенттер таңауды үшін ЭПК-ға элективті курстарды ұсына алатын барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады. Тиісті оқу жылына арналған элективті пәндер каталогында көрініс табатын және жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі бекітетін білім бағдарламаларының жаңартылуы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес жүргізіледі. 5B020700-Аударма ісі ББ білім алушылар үшін тәжірибе базасы болып табылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың ұсынысымен жаңа пәндер енгізілді: сөзжасам мен қолданбалы лингвистика саласында білімдерді кеңейтетін және кәсіби бағдарланған 2014-2015 оқу жылында – «Нефтегазовая терминология» («Ада Оил» ЖШС), 2015-2016 оқу жылында «Практика информативного перевода» («Ада Оил» ЖШС), 2016-2017 оқу жылында - «Практикум по синхронному переводу» («ВзрывБурСервис» ЖШС).

ЭПК үшін пәндерді іріктеу элективті пәндерге сұраным байқауы, ЭП іріктеу матрицасы бойынша өзектілікті анықтау, жұмыс берушілер пікірін ескеру процедурасынан өтеді. Артықшылық тәжірибелік-бағдарланған пәндерге беріледі, мәселен, 5B010600-Музыкалық білім ББ бойынша: «Постановка голоса и вокал»,

«Практикум работы со школьным репертуаром», «Хоровой класс и практикум работы с хором», «Организация интегрированных уроков музыки в образовательных учреждениях», «Формирование организаторских умений учителя музыки», «Эстетическое воспитание учащихся через музыкальное наследие А.Кунанбаева», «Современные мультимедийные технологии в сфере деятельности будущего учителя музыки», «Специальность (фортепиано, баян, домбра, кобыз)», «Хоровое дирижирование». 5В010600-Музыкалық білім ББ студенттері үшін оқу процесінде қазіргі инновациялық технологиялар белсенді қолданылады: «Болашақ музыка мұғалімі қызметі саласында қазіргі мультимедиялық технологиялар» Sibelius.Final-да ноталық редакцияны жазу дағдысы және мектеп репертуарларын синтезаторда ойнау – А.А.Ермекбаев; «Музыкалық өнерді оқыту әдістемесі», мәселелі оқыту әдісі – п.ғ.к., доцент Н.Е.Мукеева; «Дөңгелек үстел» әдісі п.ғ.к. Ж.Е.Зейнуллина (Қазақ музыкалық әдебиеті); «Дауыс қою және вокал» сыни ойлау технологиясы – аға оқытушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері М.О.Айтимов, «Негізгі музыкалық аспап (фортепиано)» презентация әдісі – аға оқытушы, магистр А.А.Жартыбаева, «Негізгі музыкалық аспап (домбыра)» зерттеу әдісі – аға оқытушы А.И.Раимбергенов.

5В040900-Хореография ББ жасақтау барысында интегративтілік қағидалары (пәнаралық байланысты есепке алу), білім беруді дамыту сипаттамасындағы практика мен тәжірибе арақатынасы және т.б. қолданылады. Элективті пәндерді оқы процесіне енгізу туралы жұмыс берушілерден рецензиялар бар. Білім беру бағдарламаларын құрастырған кезде жұмыс берушілердің пікірі ескеріледі – Г.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы, Ақтөбе қаласы мен облысының жалпы білім беру мектептері, ведомстволық мәдениет мекемелері. Мектеп білім беру бағдарламасы бойынша қажетті «Модерн», «Степ» элективті пәндерін оқу процесіне енгізу туралы «Аққу» би ансамблінің көркемөнер жетекшісі О.Н.Мамбетова мен Г.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы директорының қ.а.Е.М.Кенжалиевадан түскен ұсыныс кафедра отырысында қаралды (№6 хаттама 22.12.2016 ж., №11 хаттама 05.04.2017 ж.).

Оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын, сабақ кестелерін, білім алушылардың жеке жоспарларын, ББ жүзеге асыруын реттейтін нормативті құжаттарды, білім алушылар мен жұмыс берушілер арасында жүргізілетін сауалнамаларды талдау негізінде білім бағдарламаларының сапасын бағалау жүзеге асырылады.

5В010600-Музыкалық білім ББ түлектерінің құзіреттілік моделі негізгі бағдарламаны меңгерудің белгілі бір кезеңінде білім алушы көрсете алатын жетістіктері немесе әр түлек меңгеруі қажет құзіреттілік жинағы ретінде көрсетіледі. Түлек моделі ол жайында кәсіби функциялар мен нақты міндеттерді орындай алатын, адамдармен қарым-қатынас орната алатын, үнемі өзін-өзі жетілдіретін маман ретінде түсінік береді.

5В020700-Аударма ісі ББ сәйкес түлек моделі жасақталған, түлек моделін әзірлеуге кафедра ПО құрамы, ЖОО түлектері мен студенттері қатысты.

5В040900-Хореография ББ түлек моделін әзірлеу барысында кәсіби құзіреттіліктерді айқындау бөлімі бойынша жұмыс берушілердің пікірлері ескерілді. 5В040900-Хореография ББ түлек моделі ғылыми-тәжірибелік шығармашылық қызметпен айналысатын, қоғамның мәдени, өнегелілік құндылықтарды арттыратын білікті бәсекеге қабілетті маманды сипаттайды.

Аккредиттелетін бағдарламалар бойынша модельдер жалпы және кәсіби құзіреттіліктерді қамтып, тиісті модульдік білім беру бағдарламаларының құрылымына енеді. Білім бағдарламаларын жасақтау әдіснамасы бір жағынан еуропалық оқыту жүйесін

енгізуге және келесідей қағидаларға негізделеді:

1. Дублиндік дескрипторлар мен еңбек нарығы сұранысын ескере отырып көпдеңгейлі білім беру мазмұнын түсіну.
2. Құзіреттілік тәсіл білім бағдарламаларын жобалаудың негізі ретінде.
3. Дублиндік дескрипторлар негізінде білім бағдарламаларын қалыптастырудың модульдік қағидасы.

ББ жүзеге асырылуы бакалаврдың біліктілік шеңберіне сәйкес келетейін, еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыратын болашақ түлектердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған. ББ келесі қағидаларға негізделеді:

- оқу жоспарлары мен бағдарламаларының үйлесімдігі және адаптациясы;
- білім беру әр кезеңінің аяқталуы;
- мүмкіндіктер, ниет пен қабілеттілікке байланысты білім алушылардың білім сұранымдарын қанағаттандыру;
- кәсіби бағдарлану мен кәсіби дайындық бойынша жұмыстық кешенділігі, еңбек нарығы қажеттілігін зерттеу.

Университетте документтер мен ББ мониторингін, мерзімді қайта қаралуын, бекіту процестерін реттейтін тәртібі жасақталған. ББ мерзімді қайта қаралуы мен бақылау мақсатында кафедраның жетекші оқытушыларынан құрылған жұмыс тобы тұрақты жұмыс жасайды, жыл сайын мониторинг жүргізіліп жекелеген оқу пәндері жетілдіріледі. ББ талдау, білім бағдарламаларын және барлық пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын, тәжірибе бағдарламалары мен аралық бақылау, аттестацияны қайта қарау мен түзеу жұмыстары жүргізіледі:

- 1) пән мазмұнының иптік оқу жоспарларына сәйкес келуін;
- 2) элективті компонент пәндері мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес келуін;
- 3) базалық және кәсіби циклі элективті пәндерінің кәсіби бағдарлануын;
- 4) оқытылатын базалық және элективті пәндері арақатынасының көрініс табуын;
- 5) МББ мазмұнында түлектерге қойылатын талаптардың өзіндік жұмыс түрлеріне сәйкес келуін;
- 6) аралық бақылау қорытынды аттестация мен білім жетістіктерін бағалауының диагностикалық тәсілдерінің түлектерге қойылатын талаптарға сәйкес келуін.

Барлық ПОӘК типтік және оқу бағдарламаларына сәйкес келуін жүйелі тексеріледі. Міндетті компонент пәндерінің барлығы типтік оқы жоспарларымен қамтамасыз етілген. ББ негізгі компоненті ретінде Түлек моделінде сипатталатын мақсат, білім, іскерлік, дағды, құзіреттілік, жеке қасиеттер болып табылады.

Аккредиттелетін ББ оқу жоспарының келесідей түрлері бар: типтік оқу жоспары (ТОЖ), жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ). Оқу жоспарлары барлық оқу кезеңіне арналған мамандық бойынша типтік оқу жоспарлары, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары мен Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесіне негізделіп жасақталады. ҚР ЖМБС сәйкес оқу жоспарларында ЖБП, БП, кәсіптендіру пәндері циклі көлемінің ара салмағы сақталған.

Аккредиттелетін ББ мазмұны мен құрылымы 2013 жылы 17 мамырда №499 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың типтік ережелер талаптарына, 2012 жылы 23 тамызда №1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген ҚР ЖМБС, 20.04.2011 жылы №152 ҚР БЖҒМ қаулысымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін



ұйымдастыру ережесіне, оның тиісті өзгерістеріне сәйкес қалыптастырылған.

Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын барлық оқу кезеңіне мамандықтың типтік оқу жоспарлары, түлектер моделі негізінде бітіртуші кафедралар жасақтайды. Сауалнама қорытындысы бойынша ПО құрамының 91% ББ жаңартылуы бойынша жұмыс жақсы жолға қойылған деп есептейді. Білім алушыларға жүргізілген сауалнама бойынша респонденттердің 91,5% оқу курстарын құрылымдылығын және нақтылығын көрсетеді.

ББ білім алушылары оқу-әдістемелік кітаптармен қамтамасыз етілгені расталды.

ББ басшылығы Конфуций Институты секілді шетелдік білім беру ұйымдарымен келісімге келген.

ББ 3 жылға бекітіледі. ББ негізінде жыл сайын жұмыс оқу бағдарламалары құрылады және бекітіледі. Элективті пәндер каталогы (ЭПК) бітіртуші кафедра жасақтайды және Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ оқу-әдістемелік кеңесінде бекітіледі. ЭПК-да пәннің қысқаша сипаттамасы, пререквизиттер мен постреквизиттер көрсетілген. ЭПК кафедралар мен ғылыми кітапханаларда қолжетімді.

МББ-да жалпы және арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін циклдарды, пәндерді, тәжірибелер меңгерудің, қорытынды аттестация, дипломдық жұмысты қорғаудың логикалық сабақтастығы көрініс табады. Қазақстандық және ECTS кредитінде, сонымен қатар дәрістер, зертханалық, практикалық (семинар) сабақтары, оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы мен студенттің өзіндік жұмысы, кәсіби тәжірибенің барлық түрлері, аралық аттестация бөлінген сағаттарында циклдің пән сыйымдылығы көрсетілген.

Мамандарды дайындауда, әсіресе кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасуында ТОЖ қарастырылған тәжірибенің түрлері маңызды рөл атқарады. ББ басшылығы білім алушылардың тәжірибеден өтуін жоспарлайды, бақылайды және мониторинг жүргізеді. 5B020700-Аударма ісі ББ студенттері «Қарашығанақ Петролеум», «Ада Оил» ЖШС, «ВзрывБурСервис» ЖШС және т.б. мұнай-газ ұйымдарында өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі бар. Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы, «Шығармашылық академиясы» МҚКК, «Қалалық оқушылар сарайы» МҚКК, «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы Орталығы» МҚКК «5B040900-Хореография ББ тәжірибе базасы болып табылады.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де мамандарды дайындауда қажеттілікті, сонымен қатар, мүдделі тараптардың талаптарын анықтау мақсатында бітіртуші кафедралар жұмыс берушілермен тұрақты әріптестік қарым-қатынас орнатқан, келісімшарт, меморандум жасасу арқылы ББ қалыптастыру мәселесі бойынша мүдделі тұлғалардың қатысуымен дөңгелек үстелде мен кафедраның ашық отырыстарын өткізеді.

### ***Талдама бөлімі***

Сонымен қатар, келесі мәселелер өзін-өзі бағалау есебінде толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында расталмағандығын көрсетеді.

ББ сыртқы бағалауды жүргізу туралы ақпарат жоқ. Ұсынылған ББ негізінде және шеңберінде қандай бірлескен бағдарламалар жүзеге асырылады?

Білім алушыларды кәсіби сертификацияға дайындау мүмкіндігі қарастырылмаған.

Аккредиттелетін бағдарламалар базасында РОӘК секциясы орналасқан және мамандықтардың даму саясаты алқалы анықталатын ҚР жетекші ЖОО-ның білім бағдарламасымен сәйкестендірілмеген. Айта кеткен жөн, ББ даму жоспарында ҚР және жақын шетел ЖОО-мен бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша әріптестік

белгіленген.

Өзін-өзі бағалау есебінде, ССК сапары процесінде түлек моделін жасауда мүдделі тұлғалар қалай тартылатындығы сипатталмаған. Бірінші кезекте, аталмыш бағдарлама түлегі үшін жұмыс беруші ретіндегі ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік пофильдегі кәсіпорындар мен ұйымдар.

Кәсіпорын-әріптестер еңбек нарығы мен өндіріс талап ететін болашақ мамандардың құзіреттілігін кеңейту мақсатында ББ мазмұнын жаңғырту туралы сөз қозғайды.

#### ***Күшті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

Білім беру нәтижесі мен тұлғалық қасиеттерді сипаттайтын жасақталған түлек моделінің болуы;

Білім бағдарламасында нәтижені қалыптастыруда пәндер мен кәсіби тәжірибелердің әсері байқалады.

Қазақстандық және ECTS кредиттерінде ББ еңбек сыйымдылығы нақты айқындалған ББ мазмұны бакалавр деңгейінің талаптарына сәйкес келеді.

#### ***ССК ұсыныстары***

1. Ақпаратты жинақтау мен талдау және оның негізінде шешім қабылдау процесіне жұмысшылардың, білім алушылар мен ПО құрамының қатысуын белсендіру.

2. Білім алушыларға кәсіби сертификация дайындығы үшін жағдай жасау.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 5, қанағаттанарлық – 5, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 5, қанағаттанарлық – 5, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B040900-Хореография: күшті – 3, қанағаттанарлық – 7, жақсартуды қажет етеді – 2.

#### **5.4. «Тұрақты мониторинг және білім беру бағдарламаларын мерзімдік бағалау» стандарты**

##### **Дәлелдеме бөлімі**

АӨМУ-де өзге департаменттермен ынтымақтастықта ББ даму процесін бақылайтын Аккредиттеу және рейтинг бөлімі ұйымдастырылған. 5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім ББ мерзімдік бақылау мен мониторинг оның мақсаттарына, жоспарланған білім нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған.

ЖОО-да ББ мониторинг жүргізу, талдау мен қайта қарау тәртібі белгіленген. Аталмыш процесс бастамашылық етеді:

- ББ үнемі жаңғырту қажеттілігіне;
- Жаңа МЖБС және кәсіби стандарттардың енгізілуіне;
- Тұтынушылар мен өзге мүдделі тараптар талаптарының өзгеруіне;
- Сапаны қамтамасыз ету бойынша ұлттық, мемлекетаралық және халықаралық талаптарына;

- Ұйымдастырушылық-ұғарымдық құжаттарға.

ББ тексеру ББ мониторинг жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі, ол қамтиды:

- Абитуриенттер, студенттер, түлектер, оқытушылар, жұмыс берушіл-ұйымдар арасында жүргізілетін сауалнама;

- Студенттер үлгерімі;

- Білім беру процесін ақпараттық қамтамасыз ету, ББ қормен және ақпараттық қамтамасыз ету;

- Студенттерді бағалау жүйесін талдау;

- Ғылыми педагогикалық қызметкерлердің құзіреттілік деңгейін бағалау;
- Бекітілген талаптарға ББ сәйкестігінің деңгейі.

Білім бағдарламаларының сапасын бағалау оқу жоспарларын, элективті пәндер каталогын, ПОӘК, студенттер мен ПО құрамының арасында сауалнама жүргізу, сабақ қатысымын, ғылыми кітапхананы, спортзалды, бассейнді, жатақхананы талдау негізінде жүргізілді. Студенттерге жүргізілген сауалнама, қатысқан сабақтарды талдау оқу процесінде үнемі сабақ жүргізудің белсенді формалары мен әдістерін, сонымен қатар ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданатындығын көрсетті: слайд-дәрістер, жобалық технологиялар, бағдарламалық, мәселелі және тұлғалық-бағдарланған оқыту технологиялары, студенттердің өз бетінше білім алу қызметінің технологиясы, мастер кластарды өткізу.

Нормативті құжаттар жұмыс бағдарламалары, пәннің оқу-әдістемелік кешені, әдістемелік нұсқаулар, тест тапсырмалары және т.б. арқылы білім бағдарламаларының жүзеге асырылуын реттейтін оқу құжаттамасының форматын анықтайды. Оқу құжаттамасын жасақтау барысында мемлекеттік стандарттар талаптарын ескере отырып, университет оқытушылары академиялық пәндерге, бақылау-өлшеуіш материалдар мен әдістемелік ұсыныстарға түсінік береді және оларды ЖОЖ енгізілуіне бастамашы болады.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ақпарат-кітапшасында ағымдық, аралық және қорытынды білімді бағалау, қорытынды аттестация, пән бойынша рейтингтік бағаларды қою үшін студенттер үлгерімін қолданыстағы бағалау әдістемесінің тәртібін қарастыратын білім алушылардың білімін бағалау әдістері мен критерийлері берілген.

Ішкі қажеттіліктердің қанағаттану деңгейін анықтау үшін Білім беру сапасына мониторинг жүргізу бөлімі әр академиялық кезеңде университеттің студенттері, оқытушылары мен қызметкерлері арасында сауалнама ұйымдастырады және жүргізеді. Жүргізілетін сауалнамалар: «Оқытушы студент көзімен», «Оқу процесінің сапасы», «Өндірістік тәжірибені ұйымдастырумен қанағаттану», «Таза сессия». Сонымен қатар, студенттер мен оқытушылар өздерінің пікірлерімен, ниеттерімен және ББ бойынша наразылықтарын, өзге де мәселелерімен жүгіне алатын университет сайтында ректор блогы жұмыс жасайды. Барлық түсетін ақпараттар мұқият талданып, университет басшылығымен тиісті шаралар қолданылады.

Жұмыс берушілер, ПО құрамы, білім алушылар үшін ЖОО басшылығы ашықтығы мен қолжетімділігін байқатты: жеке мәселелер бойынша қабылдау сағаттары анықталған, ректормен кездесі жүйелі негізде жүргізіледі. Инновациялық пікірлер үшін байланыс арнасы ретінде кері байланыстың дәстүрлі формасы қолданылады: басшылықпен кездесу, ректор блогы. Сауалнама қорытындысы бойынша ПО құрамының 88% және білім алушылардың 84,3% ЖОО басшылығының ашықтығы және ықыластылық деңгейімен толығымен қанағаттанған.

### ***Талдама бөлімі***

Сонымен қатар, комиссия өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбегендігін және ОО сапары барысында.

Аккредиттелетін ББ жүзеге асырылуы еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыратын, бакалавр біліктілік шеңберіне сәйкес келетін болашақ түлектердің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Білім бағдарламаларының жасақталуы элективті пәндер тізімін таңдау мен қалыптастыру, бітіртуші жұмыс тақырыптарын, сонымен қатар кәсіби тәжірибеден өту қорытындысы бойынша жұмыс берушілер мен білім алушылар пікірлері мен

ұсыныстарын, МАК төрағаларының ұсыныстарын әзірлеу процесіне қатысатын Ақтөбе облысы және Батыс Қазақстан өңірінің ұйымдары мен мекемелерінің, мүдделі тұлғалардың, білім алушылардың ұсыныстары ескеріле отырып жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласында түлектерге сұраныс, мамандарды дайындау сапасымен өңір жұмыс берушілерінің мойындауы ескеріледі.

Дегенмен, комиссия аталмыш бағытындағы жұмыс ББ барлық құраушылары мен мүдделі субъектілерін ескере отырып белсендірілуі қажет деген қорытындыға келді.

ЖОО басшылығымен элективті пәндердің тізімін келісу, кәсіби тәжірибеге басшылық ету, дипломдық жұмыс пен оқытушылардың әдістемелік зерттемелерін рецензиялау негізінде білім бағдарламаларын жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерді тартуға жағдай жасалды. Білім бағдарламаларының жаңғыртылуы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес жүргізіледі, бұл өз кезегінде тиісті жылға арналған элективті пәндер каталогында көрініс табады және ЖОО Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

Білім алушылар түрлі топтарының қажеттіліктен қанағаттандыру мақсатында білім бағдарламасына болашақ еңбек қызметінде қажет элективті пәндер енгізілді. Алайда, ББ рецензиялайтын ЭПК еңбек нарығындағы өзгерістерге, білім алушылар үшін таңдау қолжетімділігіне, қорытындыларды жүйелі талдауға және өзге мәселелерді шешуге сәйкес үнемі жаңғыртылуды қажет етеді.

Бұдан басқа, ғылымның өзекті жетістіктеріне, жұмыс берушілер сұранысы мен еңбек нарығы өзгерістеріне сәйкесінше ББ мазмұнын қайта қарастыру қажет.

ББ МОЖ жүйелі толықтырылады, жаңғыртылады, осылайша оқу жоспарлары, элективті пәндер каталогтары, білім алушылардың жеке бағдарламасының жоспарлары, білім бағдарламасының жүзеге асырылуын, мониторингін және бағалауды реттейтін ішкі нормативті құжаттар жетілдіріледі.

Аккредиттелетін ББ модульдік құрылымдалған білім бағдарламасы құрылымдық жағынан ғана емес, сонымен қатар мазмұны жағынан үнемі жаңғыртылады, соның ішінде элективті курстар мен кәсіби тәжірибе бағдарламасының мазмұнын жасақтау кезінде жұмыс берушілердің және еңбек нарығының талаптары ескеріледі. Элективті курстар жасақтау кезінде және білім алушыларда кәсіби күзiретiлiктердi қалыптастыру үшiн соңғы үш жылда еңбек нарығы талаптары мен мүдделі тұлғалардың пікірлері ескерілген жаңа пәндер енгізілді.

Мысалы, 5В040900-Хореография ББ оқу процесіне келесідей жұмыс берушілерден жаңа элективті пәндер енгізілді: Ғ.Жұбанова таныдағы Ақтөбе облысының филармониясынан - «Хореографическое наследие», «Всемирная хореография» пәндері; Қалалық оқушылар сарайы - «Джазовая хореография», «Степ», «Ритмика».

Аударма ісі ББ қатысты элективті пәндер каталогының жаңғыртылуы байқалады. Алайда, ЖОО жұмыс берушілерімен кездесу қорытындысы бойынша жұмыс берушілер пікірлері ескерілмейді.

#### ***Қушті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

Аккредиттелетін ББ бойынша оқытумен білім алушылардың қанағаттануы, жоғары ынталандырудың болуы;

ББ білім ортасы мен білім алушыларды қолдау қызметі жүйелі бағаланады;

ББ басшылығы жұмыс берушілермен бірге кафедра отырыстарында талқыланатын жоспарланған өзгерістер туралы ақпараттандырады.

#### ***ССК ұсыныстары:***

1. ББ басшылығы ғылымның соңғы жетістіктерін, еңбек нарығының өзгерістері мен

жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып, ББ мазмұнын қайта қарастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

2. Білім алушылардың тәжірибеге бағытталған дайындығын қалыптастыруға қатысты ББ мазмұнын оңтайландыру жұмысын жетілдіру.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 3, қанағаттанарлық – 7; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 3, қанағаттанарлық – 7; 5B040900-Хореография: қанағаттанарлық – 9, жақсартуды қажет етеді – 1.

## **5.5. «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты**

### **Дәлелдеме бөлімі**

Студент ББ жүзеге асырылуында негізгі қатысушы болып табылады, сондықтан оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету кезінде бірінші кезекте оның қызығушылықтары, ескеріледі, оқыту уәждеменің, өз бетінше рефлексияның және оқу процесіне тартылуының жоғарылауына септігін тигізетін студентке бағытталған болуы қажет. Студентке бағытталған білім беру мен оқытуды жүзеге асыру барысында ЖОО қамтамасыз етеді: а) студенттердің түрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне қатысты құрмет пен ілтипат көрсетіледі. Жүзеге асырылады: әлеуметтік желі арқылы «тәулігіне 24 сағатта» факультет деканымен тікелей байланыс; эдвайзерлермен (кураторлармен) жұмыс; студенттік өзін-өзі басқару немесе студенттік ұйымдарда жұмыс; студенттік шығармашылық қауымдастықтарға қатысу. б) икемді оқу траекториясын ұсыну; в) оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану; г) оқыту формалары мен педагогикалық әдістері түзеу және мерзімдік бағалау.

5B020700-Аударма ісі, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім ББ бойынша барлық білім алушыларға оқу тіліне қарамастан тең мүмкіндіктер қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік құжаттама екі тілде әзірленеді: каталогтар, ПОӘК, жұмыс бағдарламалары мен силлабустар, ал ЖОЖ, тесттер, емтихан билеттері оқу тілінде құрастырылады. Оқыту орыс және мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал үш тілдік бағдарлама шеңберінде – ағылшын тілінде. (2016-2017 оқу жылынан бастап Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ барлық ББ 1 курсы үшін «Информационно-коммуникационные технологии» курсы ағылшын тілінде жүргізіледі).

5B010600-Музыкалық білім ББ оқыту мақсатына байланысты тұжырымдалған сәйкестенген модульдер құрылымы бар. Қалыптастырылу деңгейі әр пәндер блогында міндетті компоненттің болуымен айқындалады, ал оқу траекториясын таңдау еркіндігі көптеген таңдау компоненттерінен оқу пәндерін таңдау мүмкіндігінде қарастырылған. 5B010600-Музыкалық білім ББ бойынша 2015-2019 жылдарға арналған элективті компонент пәндері модульдерде жоспарланған, мысалы, модуль 4.1. – Музыкалық-орындаушылық пәндер: негізгі музыкалық аспап (фортепиано, баян, домбра, қобыз) – 2, хор класы және хормен жұмыс практикумы – 2, Хор дирижирлеу – 2, модуль 11.1. – Бейіндік пәндер (Қосымша музыкалық аспап (фортепиано, баян, домбра, қобыз – 4, Дауыс қою және вокал – 4.

Білім алушыларды университеттің білім беру ортасына бейімдеу мақсатында барлық білім алушылар үшін қағаз түрінде, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ресми сайтында электронды форматта қолжетімді «Ақпар-кітапша» үнемі өзектендіріліп тұрады және ішкі тәртіп ережелері, білім беру процесінің ұйымдастырушылық, процедуралық нормалары туралы жүйелендірілген ақпаратты қамтиды.

Оқыту сапасын «мазмұны, формасы, әдістері» зерртеу бойынша кері байланыстың классикалық құралы студенттер арасында сауалнама (сауалнамалар: (Оқытушы студент көзімен», «Студенттердің білім беру процесінің сапасымен қанағаттануы», «Студенттердің оқыту нәтижелерімен қанағаттануы», «ПО құрамының жоғары оқу орнымен қанағаттануы», түлектер мен жұмыс берушілер арасында жүргізілетін сауалнамалар) жүргізу болып табылады. Өндірістік тәжірибе өтумен білім алушылардың қанағаттануының мониторингі сауалнама негізінде жүргізіледі. Сауалнамада білім алушылар көрсеткен мәселелер мен пікірлер оны ұйымдастыру мен мазмұнын жетілдіру үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, кері байланыстың кері формасы болып ректор блогы мен әлеуметтік желідегі парақшаларды қамтитын виртуалды қабылдау бөлімі табылады.

Оларды жүзеге асыру мен оқыту нәтижесін бақылау және бағалау, жалпы келесі процедуралармен қамтамасыз етіледі:

- ББ пәндері бойынша тәуелсіз компьютерлік тестілеу: білімді бағалауды объективтілігін қамтамасыз етеді және олардың деңгейі динамикасының трендін көрсетеді;
- ББ түлектерін дайындау сапасы бойынша жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу;
- МАК және МЕК жұмысына жұмыс берушілерді тарту;
- білім беру процесінде ББ түлектері еңбек қызметі саласының мазмұнына жақын оқыту әдістерін қолдану (кейстер, ойын жағдайлары, курс тақырыптары бойынша тәжірибеге бағытталған тапсырмалар) және т.б.

Білім алушылардың білімін, дағдысы мен кәсіби құзіреттілігін кредиттік технология бойынша бағалау қорытынды нәтижені әріптік және сандық эквивалентке айналдырумен 100 балдық меже бойынша жүзеге асырылады. Баға қою кезінде қатысым, сабақтағы белсенділік деңгейі, тапсырмалардың барлық түрлерін жүйелі орындау мен өз бетінше орындау деңгейі, мәселені дұрыс нақтылау, жауап табу іскерлігі ескеріледі. Студенттердің барлық оқу жетістіктері транскрипте көрініс табады.

Білім алушылардың академиялық үлгерімінің нәтижесін қайта қарау апелляциялық комиссия жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Студентке бағытталған білім беру мақсатында кафедраларда рецензияланатын ББ қатысты құзіреттілік тәсілмен қоса оқытудың заманауи әдістемелері мен технологиялары қолданылады: «Rosita Stone» электронды технологиялары, Блум таксономиясы жүйесі бойынша технологиялар, сыни ойлау әдістері және басқалары. ББ басшылығымен сабақты жүргізху үшін оқу кабинеттерінің, тілдік зертханалардың, хореографиялық залдардың, музыкалық кабинеттердің, апспаптардың жеткілікті қоры табысталған.

Білім алушылар оқу бағдарламаларын(Syllabus), білім мен дағдыны бағалау критерилерін,СӨЖ үшін бақылау-өлшеуіш материалдарын, практикада жұмыс жасау үшін материалдарды пайдаланудың тең мүмкіндігіне ие.

Кәсіби дайындығы туралы қорытынды жұмыстар нормаға сәйкестік бақылаудан өтіп, плагиат жүесі арқылы бақылау жұмыстары негізінде сапа қамтамасыз етілетін дипломдық, курстық жұмыстарда көрініс табады.

Оқытудың түрлі әдістерін қолдану мен қолданылатын инновациялардың нәтижелілігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу үшін білім алушылар арасында «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы жүргізіледі. Білім алушылардың 91,5% оқыту сапасының деңгейімен толық қанағаттануын білдірсе, 6,5% жақсы деп бағалады және

0,7% қанағаттанарлық деген жауап қайтарды. Респонденттердің 1,3% жауап беру кезінде қиынсынған.

### ***Талдама бөлімі***

Сонымен қатар, комиссия өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында дәлелденбегендігін көрсетеді.

Білім алушыларға берілетін және түсіндірілетін өз бетінше жұмыс нәтижесін бағалаудың барабар механизмі силлабустарда келтірілген, алайда бұл үшін АӨМУ ААЖ және [www.arsu.kz](http://www.arsu.kz) сайты қалай қолданылатындығы көрсетілмеген.

Аккредиттелетін ББ бойынша білім беру траекториясын ұйымдастыру мүмкіндігі талданған жоқ. Мәселен, аккредиттелетін ББ бойынша білім траекторияларын кеңірек дамыту мүмкіндігі.

МББ көрініс тапқан қосымша модульдер формальді түрде сипатталған және практикада қолданылмайды. Оқу процесіне студентке бағытталған білім беруді енгізуге аз көңіл бөлінеді. ССК сапары барысында заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу имульсі байқалғанмен, бір жүйеге келтірілмеген.

### ***Күшті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

оқытудың түрлі әдістерін пайдалану және оқу нәтижесін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуы;

оқытушының қатар жетекшілік ету мен көмек көрсету барысында білім алушылардың автономиясын қолдау.

Әрбір ББ үшін оқу нәтижесін бағалау механизмінің объективтілігін, ашықтығын және сабақтастылығын ЖОО қамтамасыз етеді.

### ***ССК ұсыныстары:***

1. ББ оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулерді әзірлеу мен тарату мақсатында семинарлар мен тәжірибемен алмасулар өткізу.

2. Аккредиттелетін ББ бойынша қосымша оқыту траекторияларын таңдау мүмкіндіктерін қарастыру.

3. ББ оқу пәндерін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми зерттеулер әзірлеуді белсендіру.

***5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 1, қанағаттанарлық – 8, жақсартуды қажет етеді – 1; 5B040900-Хореография: қанағаттанарлық – 8, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 1, қанағаттанарлық – 8, жақсартуды қажет етеді – 1.***

## **5.6. «Білім алушылар» стандарты**

### **Дәлелдеме бөлімі**

Сұхбаттасу негізінде екінші жоғары білім алу үшін дипломы бар мамандарды, сонымен қатар ақылы және мемлекеттік тапсырыс (грант) негізінде ҰБТ мен КТ (орта мектеп, колледж түлектері) нәтижесі бойынша қажетті балл санын жинағандарды, мамандықты саналы таңдағандарды, ЖОО-да оқуға барынша дайындарды қабылдау білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатының мәні болып табылады.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру ғылыми кадрларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сонымен қатар, азаматтардың жеке қаражаты мен өзге көздер қаражатынан оқуға төлеу арқылы жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлау жұмысы мен білім алушылар контингентін қалыптастыру негізделген формалар, ықпал ету әдістері мен тәсілдері, талапкерлерді ББ мен факультеттің дайындық

бағытына қарай кәсіби іріктеу негізінде жүргізіледі. Контингентті қалыптастыру және қабылдау нәтижесіне қатысты мәселелер кафедра, факультет кеңсінде қарастырылады.

Мектеп түлектерін Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ бакалавриатына оқуға қабылдау күндізгі формада жүзеге асырылады, колледж бен ЖОО түлектерін – күндізгі және дистанциондық желілік білім технологияларын пайдаланумен сырттай форма бойынша қысқартылған білім бағдарламалары бойынша.

Университет бакалавриатының білім бағдарламасына түсушілер бірыңғай ұлттық тестілеуде (ҰБТ) немесе кешенді тестілеуде (КТ) қажетті балл санымен дәлелденген орта мектеп көлеміндегі білімдері болуы қажет. Жоғары класс оқушыларына қосымша кәсіби бағдарлау жүргізу мақсатында жүйелі кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізіледі. Ақтөбе қаласы мен Ақтөбе облысы мектептері түрлерінің ортасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды: оқушылармен, ата-аналармен және мұғалімдермен кездесулер жүргізіледі. ҰБТ-ға дайындық, ДАРЫН, КҒА желісі бойынша білім алушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік ету сұрақтары бойынша кафедраның ПО құрамы қала мен облыстың жетекші мектептерімен белсенді ынтымақтастықта.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру ғылыми кадрларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сонымен қатар, азаматтардың жеке қаражаты мен өзге көздер қаражатынан оқуға төлеу арқылы жүзеге асырылады.

5B010600-Музыкалық білім ББ бойынша күндізгі-сырттай оқу формасы негізінде 107 студент білім алады, оның ішінде 11 студент – мемлекеттік білім гранты бойынша, 96 – келісімшарт негізінде. 5B010600-Музыкалық білім ББ бойынша үлгерім сапасы құрады: 2014-2015 оқу жылында – 60%, 2015-2016 оқу жылында – 78%, 2016-2017 оқу жылында – 79%. Түлектердің жұмысқа орналасуы құрады: 2015 жылы – 58%, 2016 жылы – 67%, 2017 жылы – 81,3%. 5B010600-Музыкалық білім ББ басшылығы 50% көлемінде аз қамтылған студенттерге жүйелі көмек көрсетіп тұрады. Озық студенттерге атаулы стипендиялар бөлінеді.

5B020700-Аударма ісі ББ студенттер контингенті 2014 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңде 4914 студент құрады, оның ішінде мемлекеттік білім гранты бойынша 8 студент білім алады. Осы жылы 42 түлек жұмысқа орналасқан (оның 1 мемлекеттік тапсырыс бойынша), бұл өз кезегінде құрайды.

Кесте 1. ББ білім алушылар контингентінің динамикасы

ББ	2014-2015 оқу жылы		2015-2016 оқу жылы		2016-2017 оқу жылы	
	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт
<b>5B020700</b>	2	177	2	156	3	151
<b>5B010600</b>	2	7	0	0	1	25

5B040900-Хореография ББ бойынша қазіргі уақытта 17 студент білім алады, оның ішінде білім гранты бойынша – 2, келісімшарт негізінде – 15 студент. Аталмыш ББ бойынша жұмысқа орналасу әрқашан 100% құрайды, өйткені Қазақстанның батыс өңірі хореографиялық пәндер білікті оқытушыларын қажетсінеді.



Кесте 2. 5B040900-Хореография ББ білім алушылар контингентінің динамикасы

ОП	2014-2015 оқу жылы		2015-2016 оқу жылы		2016-2017 оқу жылы	
	Грант	Келісішарт	Грант	Грант	Келісішарт	Грант
<b>5B040900</b>	-	4	-	5	2	6

ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру ҚР заңнамасына сәйкестендіреді және талапкерлердің жоғары оқу мекемесі мен білім бағдарламасын таңдаулылық қағидасына негізделген.

Студенттердің академиялық үлгерімі кафедра оқытушылары, Универ жүйесінде университет пен ата-аналар тарапынан үнемі бақылауда. Мониторинг жүйелі жүзеге асырылады. Осылайша ашықтық және бақылау нәтижесі туралы ақпарат қолжетімділігі қағидасына қол жеткізіледі.

Білім алушылардың негізгі кәсіби және әлеуметтік рөлдері келесідей қызмет түрлерімен анықталады – өндірістік-басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік, және оқытушылық.

Университет басшылығы ауыл квотасы мен «Серпін» гранты бойынша оқыған білім алушыларды жұмысқа орналасуды ұйымдатырумен және түлектерді үлестірумен байланысты жұмысқа ерекше назар аударады.

Мониторинг тікелей қызмет арқылы жүзеге асырылады: студент – кафедра – тәжірибе жіне жұмысқа орналасу бөлімі – түлек жұмыс жасайтын ұйым мен кәсіпорын.

Білім алушылар оқыту сапасымен (91,5%), академиялық кеңес беру қолжетімділігімен (81%); денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігімен (85%); кітапхана қорларының қолжетімділігімен (87,6%); қазіргі оқулық қорымен (85%); оқу бағдарламаларының жалпы сапасымен (89,5%); оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынаспен (90,2%) толық қанағаттанатындығын байқатты.

#### **Талдама бөлімі**

АӨМУ-де аккредиттелетін ББ бойынша білім алушыларды қабылдау күндізгі оқу формасы бойынша жүргізіледі. Колледж бен лицей негізінде оқу сырттай және дистанциондық желілік білім беру технологияларын пайдаланумен қысқартылған формада жүреді. Аккредиттелетін ББ бойынша талапкерлердің жоғарылау динамикасы байқалады.

Кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру мақсатымен мектеп және шығармашылық ұжым оқышыларымен әңгімелесу жүргізіледі, мектеп түлектерімен, ата-аналармен, мұғалімдермен жүйелі кездесулер өтеді. Өңірдің жетекші мектептері арқылы, сонымен қатар, КҒА ДАРЫН желісінің мектептерімен бірлескен ғылыми жобалар байқауы, ҰБТ-ға дайындық және өзге шаралар өткізіледі.

ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастық және Лиссабон конвенциясын мойындауға қатысты ЖОО әріптестігі дәлелденген жоқ. Білім алушылардың академиялық ұтқырлық шеңберінде, соның ішінде біліктілік пен алдыңғы оқу жетістіктерін мойындау жүзеге асырылатын ішкі құжаттар көрсетілген жоқ.

Комиссия қарастырылып отырған ББ білім алушыларының жеткіліксіз академиялық соның ішінде сыртқы ұтқырлығын көрсетеді.

Университетте түлектермен байланысты қолдау практикасы қалыптасқан, басшылық түлектер қауымдастығының жұмыс жасауына жағдай жасаған, алайда сапар барысында және аккредиттелетін ББ түлектерімен әңгімелесу кезінде Ассоциация туралы барлығы

білмейтіндігі анықталды, қатысушылардың ешқайсысы оның мүшесі болып табылмайды. Осылайша, Түлектер ассоциациясының жұмысы дәлелденген жоқ, бұдан басқа ББ түлектерінің кәсіби мансабы туралы ақпарат келтірілген жоқ.

***Күшті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

дарынды білім алушыларды қолдау механизмінің болуы.

білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуіне, түлектердің жұмысқа орналасуына көмектесуге және олармен байланыста болуына күш салынады.

ББ түлектерінің жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізіледі.

***ССК ұсыныстары:***

1. ББ түлектерін алған біліктілігін, сонымен қатар, білім жетістіктерін, алған білімінің контекстін, мазмұны мен мәртебесін растайтын құжаттармен қамтамасыз ету.

2. Шетелдік студенттерді қолдау мен бейімдеуге арналған жұмыстарды ұйымдастыру.

3. ББ білім алушыларының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын дамыту мүмкіндігі мен сыртқы білім гранттарын алуына көмектесу.

4. 5B040900-Хореография ББ бойынша студенттерді қабылдауды арттырудың тиімді шараларын әзірлеу (ауқымды жарнамалық акция, студенттік концерт ұйымдастыру мен ашық есік күндері, аудан қалаларына шығу).

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 3, қанағаттанарлық – 7, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B040900-Хореография: күшті – 2, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 4; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 3, қанағаттанарлық – 7, жақсартуды қажет етеді – 2.

**5.7. «Профессор-оқытушылар» стандарты**

**Дәлелдеме бөлімі**

5B020700-Аударма ісі ББ Аударма ісі бітіртуші кафедрасы қамтамасыз етеді, 5B040900-Хореография, 5B010600-Музыкалық білім – Музыкалық білім кафедрасы.

Кадрларды іріктеу ББ қажеттілігін талдау негізінде жүзеге асырылады, соның қорытындысы бойынша бос қызмет орнына тағайындау байқауы жарияланады. Бос қызмет орнына орналасу байқауын өткізу тәртібі ҚР БЖҒМ нормативті құжаттарымен және ішкі құжаттармен реттеледі.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ сайтында [www.arsu.kz](http://www.arsu.kz) оқытушылар туралы толық ақпарат берілген. Кафедраның әр оқытушысында білім дипломдарының, біліктілік көтеру сертификаттарының көшірмелері, негізгі еңбектерінің тізімі, оқытылатын пәндер тізімімен қоса біліктілік туралы барлық қажетті мәліметтер келтірілген портфолиосы бар.

Оқытушыларды педагогикалық жүктемесі бір жылға жоспарланған оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік, тәрбиелік қызмет түрлерінен тұрады. Оқытушылардың педагогикалық жүктемесі «Оқытушының жеке жұмыс жоспарында» көрініс табады.

Оқу жылына оқу жүктемесін есептеу әр кафедрамен мамандықтың жұмыс оқу жоспарына және білім алушылар контингентіне сәйкес жүзеге асырылады. ББ ПО құрамы ББ қамтитын бейіндік білім саласындағы мамандармен ұсынылған. Мамандық бойынша дәрістерді оқу және практикалық, семинар сабақтарын жүргізу доктор немесе ғылым кандидаттары ғылыми дәрежесі бар оқытушылармен, магистр академиялық дәрежесі бар аға оқытушылармен жүзеге асырылады. ББ оқытушыларының біліктілігі, олардың сандық құрамы бакалаврларды дайындау бағытына сәйкес, лицензиялық талаптарға жауап береді.

Оқыту сапасын көтеруге , өндіріспен тығыз байланысты қамтамасыз етуге университетке қосымша оқытушылар ретінде магистрлер, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлер, тиісті сала мамандары шақырылады.

Қазіргі кезде Аударма ісі кафедрасының штатын 9 оқытушы құрайды. Штаттық оқытушылардан филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар – 3 адам, ғылыми дәрежелілігі 30 % құрайды, сонымен қатар аударма ісі мен педагогика магистрлері бар. Сапар кезінде 4 оқытушы балаға күтіміне байланысты демалыста (декреттік демалыс) болды. Штаттық кестеге сай ПО құрамының жасақталуы 100% құрады.

2017-2018 оқу жылында Музыкалық білім кафедрасы бойынша ғылыми дәрежесі бар штаттық ПО құрамының үлесі 50% құрады. Кафедрада 10 штаттық оқытушы жұмыс жасайды, соның ішінде 3 – педагогика ғылымдарының кандидаты, 2 – ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Штаттық кестеге сай ПО құрамының жасақталуы 100% құрады.

5В040900-Хореография ББ бойынша 4 оқытушы жұмыс жасайды: ҚР еңбек сіңірген қайраткері болып табылатын 1 штаттық оқытушы, 3 сырттан келген қосымша оқытушы, оның ішінде 2 жұмыс беруші болып табылады. Аталмыш мамандықтың ғылыми дәрежелілігі 25%.

ББ басшылығы өз қызметкерлері үшін жауапкершілікті сезінетіндігін, жағымды жұмыс жағдайымен қамтамасыз ететіндігін және студентке бағытталған білім беруге көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгергендігін көрсетеді.

ББ басшылығы ПО құрамы қызметіне мониторинг жүргізуді, оқытушылар күзиреттілігін жүйелі бағалауды, оқыту сапасын және оқытушылар мен білім алушылар қанағаттануын кешенді бағалауды қамтамасыз етеді. ПО құрамы арасында қанағаттану мәселесі бойынша үнемі сауалнама жүргізеді.

ПО құрамы ЖОО басшылығының қолжетімділік деңгейімен (88%); инновациялық қызметті ынтылындырумен (75%) толық қанағаттанатындығын байқатты.

### ***Талдама бөлімі***

Кафедраның оң кадрлық қамтамасыз етілуінің жеткілікті болуына, жасарту мен оқытушылық қызметке жаса мамандарды тарту ұмтылысына қарамастан, кафедраларда ғылыми дәрежелілікті көтеру, ғылыми атақ пен ғылыми дәрежелерді алу арқылы кадрлық әлеуетті жоғарылату бойынша шаралар қабылдау қажет.

Аккредиттелетін ББ ПО құрамы конференциялар ұйымдастырады, ҒЗЖ СҒЗЖ бағытында жұмыс жасайды, алайда ғылыми қызмет жүйелендірілмеген және мониторинг жүргізілуі әлсіз. Оқу процесін ғылыми-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету мақсатында авторлық курстар мен бағдарламаларды, хрестоматиялар мен оқу құралдарын дайындау бойынша жұмысты белсендіру.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, аға оқытушы Мамбетова Г.Ж. 2017-2018 оқу жылынан бастап 5В040900-Хореографи мамандығы бойынша Республикалық оқу-әдістемелік секциясының мүшесі болып табылады.

2017-2021 ж.ж. арналған ҒЗЖ орындауға уақытша шығармашылық ұжымдарды ұйымдастыру туралы келісімшарттар жасалған: Г. Жубанова атындағы Ақтөбе облысының филармониясы, Балалар және жасөспірімдер орталығы. Аға оқытушы Мамбетова Г.Ж. Саратов өнер институтының магистратурасында оқып жатыр. Аталмыш ББ бойынша өзге оқытушылары арасында ҒЗЖ және оқу әдістемелік жұмысты белсендіру қажет.

Оқытушылар рейтингісі туралы ереженің университетте енгізілуіне қатысу.

Кафедра оқытушыларымен сұхбаттасу кезінде қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қалай жүзеге асырылатындығы және нәтижелі жұмыс жасауға қажетті жағдай жасалатындығы нақты анықталмады.

Атап кеткен жөн, Аударма ісі білім бағдарламасы ПО құрамының ҚР БЖҒМ ұсынған сілтемелі басылымдарда, Scopus секілді индекстелген ғылыми журналдар қорында (барлығы – 2) және т.б. жарияланым көлемін жақсартуды қажет етеді. Кафедрада ҚР БЖҒМ БЖҒСБҚ ұсынған Вестникте ғылыми басылымдарға және алыс шетел конференцияларына бару тиісті көңіл бөлінбейді.

#### ***Күшті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

Барлық штаттың кәсіби құзіреттілігін қамтамасыз ететін, жалдау, кәсіби мансап пен жұмысшылардың дамуын қамтитын объективті және ашық кадрлық саясатының болуы.

ЖОО басшылығымен жас оқытушыларды даму мүмкіндігін ұсыну бойынша мақсатты бағытталған қызметпен қамтамасыз ету.

#### ***ССК ұсыныстары:***

1. Академиялық ұтқырлық шеңберінде кеңейтілген халықаралық ғылыми-шығармашылық байланыстарды кеңейту және шығармашылық жобалар әзірлеу негізінде аккредиттелетін ББ ПО құрамының ЖОО даму стратегиясын жүзеге асыруға қосатын үлесін арттыру.

2. Аккредиттелетін ББ ПО құрамын күшейту. ББ ПО құрамының ғылыми дәрежелілігі мен ғылыми біліктілігін көтеру жұмыстарын белсендіру.

3. 5B040900-Хореография ББ басшылығы ББ шеңберінде академиялық ұтқырлықты дамытуға, хореографиялық пәндердің ерекшеліктерін ескере отырып, хореография пәндері бойынша шетелдік және отандық үздік оқытушыларды тартуға көңіл аударуы қажет.

4. 5B040900-Хореография ББ ПО құрамы арасында ҒЗЖ мен оқу-әдістемелік жұмыстарын белсендіру.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 4, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B040900-Хореография: күшті – 1, қанағаттанарлық – 5, жақсартуды қажет етеді – 6; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 4, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 2.

### **5.8. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты**

#### **Дәлелдеме бөлімі**

Университетте білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы мен барлық тәжірибелік дайындық түрлерін өткізуді қамтамасыз ететін, ЖОО ББ қарастырылған және қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы нормалар мен ержелерге сәйкес келетін материалдық-техникалық базасы бар. Білім берудің тиімді инфрақұрылымын құру университеттің өз миссиясын сәтті орындауының шарты болып табылады.

Білім алушыларға қажетті тұрмыстық жағдай, мәдени орта, спортпен айналысу үшін жағдай жасалған. Университеттің әлеуметтік-мәдени, спорттық объектілерін пайдалануға мүмкіндіктері мен қолжетімділігі бар: 800 орындық Студенттер Сарайы, Жастар сарайы (1750,2 м<sup>2</sup>), 7157 м<sup>2</sup> жалпы көлемдегі Студенттер үйі, асхана (493 м<sup>2</sup>), спорт залы (1190 м<sup>2</sup>), спорт кешені спорткомплекс (1761,4 м<sup>2</sup>), «Дельфин» бассейні (1491,7 м<sup>2</sup>), спорт ғимараттары (1272 м<sup>2</sup>), №5 корпус жанындағы спорт залы (1134 м<sup>2</sup>), оқу корпусы жанындағы спорт залы (576 м<sup>2</sup>), №3 корпус жанындағы спорт кешені (3519 м<sup>2</sup>), бас ғимарат жанындағы спорт кешені (1732,4 м<sup>2</sup>), Студенттер үйі (6516,2 м<sup>2</sup>), емхана (1304,8

м<sup>2</sup>).

5B020700-Аударма ісі ББ оқу процесі тілдік сабақтарға арналған барлық қажетті аудиторлық қормен қамтылған А.Гиришина 7а көшесінде орналасқан №6 корпуста жүзеге асырылады: оқу зертханалары; лингафондық кластар, компьютерлік кластар, әдістемелік кабинеттер; спорт залдары. Кафедра шаруашылығында 21 аудитория, 11 арнайы ЛУР кабиналар (лингафондық қор), спорт залы және 2 конференц-зал бар. Комиссия сапары мақсатқа саы білім алушылар мен ПО құрамы пайдаланатын және жұмыс жасайтын жеткілікті аудиториялық қорды және оның қажетті құрылғылармен техникалық қамтылуын растады.

5B010600-Музыкалық білім ББ материалдық-техникалық қамтылуы оқу және жеке сабақтарды өткізуге қажетті аудиториялық қордың негізгі объектілерімен жабдықталған.

5B010600-Музыкалық білім беру бағдарламасы бойынша оқыту сабақтарына университеттің барлық аудитория қоры қатыстырылатындықтан, "Қоғамдық ғимараттар мен орынжайлар" ҚНМЕ негізінде бір студентке тиесілі аудан нормасы қадағаланады. Мамандыққа бөлінген оқу орынжайларының жалпы ауданы – 21025,6 м<sup>2</sup>. Бір студент үшін тиесілі аудан – 88,71 м<sup>2</sup>.

Мамандық қажетті аудитория қорымен, әдістемелік кабинеттермен, жеке сабақ аудиторияларымен, мамандандырылған залдармен, компьютер кластарымен жабдықталған. Оның ішінде 1 лектік аудитория, дәріс оқуға арналған 8 аудитория бар. 3 компьютер класына ақпараттық технология және техникалық жабдықталу үшін 30 компьютер орнатылып, ПОӘК мәліметтер қоры құрылған. Оқу үдерісі кезінде студенттер электрондық ПОӘК қолданады. Музыкалық білім бойынша кабинеттер арайы жабдықталған – сабақты сапалы жүргізуге арналған аудиториялар, оқу аудиториялары стендік материалдармен, аспаптармен (электронды клавиштер, баян, домбыра және т.б.) рәсімделген.

Аталған оқу кабинеттері мен аудиториялар ҚР жоғары оқу орындарының оқу аудиторияларына қойылатын санитарлық және гигиеналық нормаларға сай. ББ 1-4 курс студенттерінің оқу ғимараттарына қажеттілігін толық қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде оқу сабақтарының жақсы ұйымдастырылғандығын байқатады.

5B010600-Музыкалық білім ББ мүмкіндіктері шектеулі студенттерге білім бағдарламаларын жүргізудің тәжірибесі бар және қамтамасыз етеді. Тең мүмкіндіктерді жасақтауға Музыкалық білім кафедрасының ПО құрамы келесідей жұмыстарды атқарады:

- Оқу бағдарламалары және ПОӘК әзірленген;
- Ата-аналармен және әлеуметтік қызметкерлермен тығыз қарым-қатынас;
- Дәріс сабақтарында (көзінде ақауы бар студентке) өзін кем сезіну комплексінен

жеңуге мүмкіндік беретін Брайль жүйесі қолданылады: - оқу процесін жекелендіру барлық музыкалық пәндер «Хоровое дирижирование», «Основной музыкальный инструмент - фортепиано», «Вокал и постановка голоса», «Дополнительный музыкальный инструмент» бойынша жүргізіледі.

5B040900-Хореография бойынша білім беру бағдарламасы университеттің Ағайынды Жұбановтар к., 263 мекенжайы бойынша орналасқан ғимаратында жүзеге асырылады. ББ аудиторлық қоры ретінде би залдары, оқу аудиториялары, университеттің «Студенттер сарайы», «Жастар сарайы» сахнасы пайдаланылады. 2017 жылы хореографиялық зал барлық қажетті арнайы құралдарымен жабдықтауға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді: ағаш еден, хореографиялық білдектер, айналар, электронды фортепиано, бейне және аудио техника, мини-дискілер, аудиокасеттер, музыкалық центр

және т.б. ББ практикалық сабақтар мен көрсетілімдерге арналған сахналық костюмдермен, кәсіби аяқ киімдермен, аксессуарлармен қамтамасыз етілген.

Әр арнайыландырылған аудиторияларда, кабинеттерде сабақ кезінде техникалық қауіпсіздік талаптары сақталады, білім алушылар міне-құлқын реттейтін ақпараттық стендтер, кабинеттер мен тиісті жабдықтардың паспорттары бар.

1 курсқа оқуға түскен студенттерге эдвайзер ақпар-кітапша, академиялық күнтізбе мен Студенттің ар-намыс кодексі ұсынылады.

Кітапхана барлық оқу корпусарында, Студенттер үйінде, «Конфуций» институтында орналасқан. Университет кітапханасы компьютерлік «ИРБИС-64» бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды, электрондық каталогтағы мәлеметтер қорының жалпы көлемі 60 000 астам. Аумағы 1 728,8 ш. м. болатын екі электронды оқу залы бар, жалпы орындық саны – 940 орын. Ғылыми–техникалық әдебиеттері кітапхана қорын және негізгі мен қосымша кітаптарды қоса есептеу кезінде 1 студентке 145 данадан келеді.

Ақридеттелетін ББ 2014 жылдан 2017 жылға дейін 1 студентті қамтамасыз ету динамикасы оң. Мәселен, 2017 жылы қазақ, орыс тілдіреніде және түпнұсқалық әдебиетті қамтитын 223,1 дана құрады. Айта кеткен жөн, ББ ПО құрамы басып шығарған оқу құралдары мен түпнұсқалық әдебиеттердің үлесі өсті.

Университет кітапханасында өзінің электронды кітапханасы жасалған ([http://arsu.kz/library\\_agu](http://arsu.kz/library_agu)) және онда білім беру ресурсының (оқулықтар, оқу құралдары, силлабустар, ЖОО оқытушыларының ғылыми мақалалары, базалық және сирек кітаптар) 6440 атаулары көрсетілген.

Келесі мәлеметтер қорын қолжетімділік бар:

- КАЗНЕВ (Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана электронды мемлекеттік ұлттық фонд). Тілі – қазақ, орыс, ағылшын;
- Республикалық жоғары оқу орындарыаралық электронды кітапханасы – ҚР ЖОО электронды қорларын біріктіретін бірыңғай мәлімет қоры;
- Polpred.com БА құралдарына шолу, мұнда бұқаралық ақпараттар құралдарына шолу ұсынылады: мақалалар, басылымдар, талдау.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ кітапханасы 2005 жылы Қазақстан кітапханаларының Ақпараттық Консорциумына мүшелікке кірді, онда қолданушылар «РУБРИКОН», «ИНИОН», «EBSCO» мәліметтер қорына интернет желісі арқылы қосыла алады. Республикалық жоғары оқу орындарыаралық электронды кітапханасына ([www.rmeb.kz](http://www.rmeb.kz)) білім алушының қолжетімділігі бар.

Сауалнама қорытындысы бойынша білім алушылардың 81% компьютерлік кластар мен интернет қорларының қолжетімділігімен, 85% - үлкен топтарына арналған оқу кабинеттермен, аудиториялармен, 61,4% - студенттерге арналған демалу бөлмелерімен, 81% - қолданыстағы компьютерлік кластармен, 75,2% - ғылыми лабораториялардың қанағаттанған. Білім алушылардың жатақханамен қанағаттануы 85,6% (жауап беруге қиынсынғандар - 5,9%) құрайды.

#### ***Талдама бөлімі***

Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар бойынша мәліметтер аккредиттелетін ББ байланысты айырмашылық бар. Мәселен, 5В020700-Аударма ісі ББ ресурстармен қамтамасыз етілуі оң динамикасын көрсетеді. Ал, 5В040900-Хореография, 5В010600-Музыкалық білім жалпылама сипаттамада және аккредиттелетін ББ жүзеге асырылуында ресурспен қамтамасыз ету жағдайын толық бейнелемейді.

Арнайыландырылған оқу аудиторияларының жалпы қамтылуының, кітапханалық

қордың мерзімдік жаңғыртылуының және музыкалық аспаптарды сатып алуының жеткілікті жағдайында университет басшылығынан фортепиано аспабын (электронды емес), сапалы баяндарды, қобыздарды сатып алуды, сонымен қатар, механикасын алмастыра отырып рояльді жөндеуді сұрау қажет.

Жаңа хореографиялық залда білім алушылардың техникалық қауіпсіздік талаптары сақталмаған. Кәсіби еден жабдығының жоқтығы арнайы пәндер сабақтарында студенттердің жарақаттануына алып келуі мүмкін. Ағаш білдектер балет залының стандарттарына сәйкес келмейді, сабақта салмақ түскен кезде сынып қалмауы үшін оларды күшейту қажет. Бейіндік арнайы пәндерді жоғары кәсіби деңгейде өткізу үшін балет залдары музыкалық аспаптармен қамтылуы қажет – фортепиано (электронды емес). Кітапханалық ресурстарды, соның ішінде 5B040900-Хореография ББ базалық және бейіндік пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді мемлекеттік тілдегі материалдармен толықтыру қажет.

Мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар үшін аудиториялар көрсетілмеді.

Плагиатқа диссертацияларды, бітіртуші жұмыстарды, ҒЗЖ қорытындыларын сараптау жүйелендірілмеген.

ББ кесіндісінде түрлі білім алушылар тобының қажеттіліктері анықталмаған (шетелдік білім алушылар және мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар).

ЖОО ББ түрлі ресурстарға қажеттілігі, соның ішінде ақпараттық қорлардың ББ ерекшелігіне сәйкес келуі анықталмаған. Соңғы 3 жылдағы оқу ортасы жағдайының динамикасы көрсетілмеген.

#### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:***

Аккредиттелетін ББ аудиторлық қор мен материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету бойынша ЖОО басшылығының белсенді жұмысы.

#### **ССК ұсыныстары:**

1. ҒЗЖ қорытындыларына және бітіру жұмыстарына сапалы сараптаманы жүзеге асыру үшін «Антиплагиат» бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінің жұмысын ұйымдастыру.

2. Білім беру ұйымының территориясында WI-FI жұмысы мен интернет желісінің қолжетімділігін жетілдіру.

3. Оқу процесіне қажетті жаңа фортепианомен, баяндармен және қобыздармен қамтамасыз ету.

4. Концерттік рояльді жөндеу.

5. 5B040900-Хореография ББ бойынша ресурстық базасын күшейту. Хореографиялық залды кәсіби еден жабынымен қамтамасыз ету. Зал периметрі бойынша станоктарды бекіту. 5B040900-Хореография ББ бойынша кітапханалық ресурстарды мемлекеттік тілдегі материалдармен толықтыру.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 1, қанағаттанарлық – 8, жақсартуды қажет етеді – 1; 5B040900-Хореография: күшті – 0, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 3; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 1, қанағаттанарлық – 8, жақсартуды қажет етеді – 1.

#### **5.9. «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты**

##### **Дәлелдеме бөлімі**

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік өңірлік университеті» РМК ШЖҚ Ресми сайт туралы ержесімен сәйкес [www.arsu.kz](http://www.arsu.kz) ресми сайтында білім беру

бағдарламаларын жүзеге асыру және университет қызметі туралы ақпарат орналастырылған.

ЖОО-да бұқара мен мүдделі тұлғаларды ақпараттандыруға түрлі тәсілдер қолданылады. Ақпарат келесідей нұсқаларда және материалдарда жарияланады:

1. Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ресми сайты – [www.arsu.kz](http://www.arsu.kz) мен факультеттер бөліміндегі ақпарат қоғамды ақпараттандырудың негізгі арнасы болып табылады.
2. Ай сайын «Ақтөбе университеті» университеттік газеті шығады.
3. Тоқсанда бір рет «Университет хабаршысы» журналы шығарылады.

Жыл сайын университет жарнамалық-ақпараттық буклетті қайта шығарады, университет, кафедра туралы бейнебаян түсірілген, АӨМУ логотипі бар имидждік өнімдер дайындалған, мамандық, кафедра, факультет, университет туралы ақпарат әзірленіп сайтта орналастырылған.

Факультеттер үшін мамандықтар туралы жалпы ақпаратты, аталмыш факультетте оқу артықшылығы, студенттермен алмасу бағдарламалары, оқытушылар, әріптестер, түлектер, қабылдану туралы, оқудың мерзімі мен формасы және бағасы туралы ақпараттар қамтылған брошюралар, флайерлер немесе буклеттер дайындалған. Талапкерлерді ақпараттандыру үшін университет ғимаратының фойесінде ақпараттық тақталар, плакаттар, стендтер, баннерлер, сонымен қатар факультеттер мен мамандықтар туралы тақтайшалар ілінген. Сонымен қатар, рекрутингтік шаралар үшін мектептерге жоғарыда аталған ақпараттарды қамтитын презентациялар, бейнероликтер әзірленген.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, факультеттер мен кафедралар қызметі туралы бұқараны ақпараттандыруды қамтамасыз ету үшін оқу процесін ұйымдастырудан бастап ЖОО өткізетін барлық негізгі шараларға дейін ақпаратты алуға мүмкіндік беретін ақпараттық қорлар жасақаталған.

Жұмыс жасайтын ректор блогының көмегімен университет басшылығының қоғаммен кері байланысы жедел болып табылады. Блогта хабарлама немесе сұрақ жарияланған соң жұмыс күнінің ішінде жауап қайтарылады.

ЖОО-да ректордың, проректордың, ғылыми мектеп директорларының, бөлім басшыларының белсенді студенттермен, жұмыс берушілермен, оқытушылармен және қызметкерлермен кездесулер өткізіледі, онда кездесудің әр мүшесі өзін толғандыратын мәселе бойынша әр басшыға сұрақ қойып дәл ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Түрлі мәдени-бұқаралық шаралар өткізу ЖОО насихаттаудың тиімді формасы болып табылады. Бұл жастарда патриоттылық рухты тәрбиелеу, ұлттық және жанұялық құндылықтарды наисхаттау мен бекіту.

Университет сайты жаһандық виртуалды кеңістікте Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-не визит карточкасы болып табылады және өндіріс талаптары мен білім алушыға бағдарланған ЖОО имиджін қамтамасыз етеді.

Жан-жақты талдау бойынша ұйымдастырушылық шараларды жоспарлы жүзеге асыруға және университеттің барлық құрылымдық бөлім қызметін объективті бағалауға, ЖОО-да барлық деңгейлерінде қызметі мен нәтижелері туралы толық ақпаратты алуға, мамандарды дайындаудың сапасын көтеру мақсатында ғылыми және тәрбие, оқу-әдістемелік, оқу процестерін түзетуге мүмкіндік беретін университеттің қызметі туралы ақпаратты беретін университетшілік бақылау жүйесі жұмыс жасайды.

Басылым үшін БА құралдары анықталған – бұл республикалық және облыстық газеттер, телеарналар және радио.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметі туралы келесі формалар арқылы бұқараны



жүйелі ақпараттандырады: университет сайтында жариялымдар, «Ақтөбе университеті» газеті.

Информатика және ақпараттық технология кафедрасының ПО құрамы жыл сайын баннерлер мен көшілмелі ролаптар (стендтер) шығарады, бейнероликтер түсіріледі, аккредиттелетін ББ презентациялар базасы әзірленеді. Кәсіби бағдарлау жұмысы шеңберінде Ақтөбе облысы аумағының жалпы білім беретін мектептеріне, ҚР БЖҒМ жанындағы қосымша білім беру орталықтарына таратылатын аккредиттелетін ББ бойынша буклеттер жаңғыртылады.

Университет қызметі туралы ақпаратпен, ББ жүзеге асыру ерекшелігімен және барысымен қанағаттануды бағалау сауалнама, кері байланыс, ректор блогы (<http://arsu.kz/ru/content/blog-rektora-0>) арқылы жыл сайын өткізіледі. АРТА ССК сапары кезінде студенттер арасында жүргізілген сауалнама ББ, курстар және академиялық дәрежелер туралы ақпаратпен қанағаттандырылғандар 76,2% құрайтындығын аңғартты.

ББ жыл сайын ҚР ЖОО арасында ББ Ұлттық рейтингісіне қатысады. Бұл процедура нәтижесі қоғамдық ашық дереккөздерде жарияланады және ерікті түрде жүзеге асырылады. Білім беру саясаты мен қазіргі заманғы үрдістерді бойынша басылым белсенділігін жандандыру жоспарланып отыр.

#### ***Талдама бөлімі***

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметі және ББ жүзеге асыру туралы ақпарат университеттің веб-сайтында, «Ақтөбе университеті» газетінде, «Университет хабаршысы» журналында, жергілікті және ұлттық БАҚ-да және әлеуметтік желілерде жарияланады. Университеттің ресми парақшасы «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде бар.

Сайттағы ақпарат жүйелі негізде ұсынылмайды, негізінен құрылымдық бөлімшелер туралы ақпарат, сәйкесінше университеттің нәтижелері толық көрсетілмейді. [www.arsu.kz](http://www.arsu.kz) сайтының басым бөлігі (бөлімдердің атауы бар макет ғана бар), ал қалған бөлігі маңызды емес және толық емес ақпаратты қамтиды (<http://95.57.215.13/old.arsu.kz>).

Өзін-өзі бағалау есебінде тексерістен өткен қаржылық есептіліктің өз веб-ресурсында, соның ішінде ББ кесіндісінде жариялануы болашақта жақсарту жөніндегі шаралар бөлімінде айтылып, ССК сапары кезінде расталмады.

Аккредиттелетін ББ шеңберінде, сонымен қатар, сыртқы бағалау рәсімінің қорытындысы бойынша сыртқы ресурстарға сілтемелер мен ақпаратты орналастыру және сыртқы бағалау рәсімдеріне, жүзеге асырылатын ББ мен ЖОО қатысуының қорытындысы мен талдау мәліметтері жоқ. Есімнама кесіндісінде ББ ПО құрамы туралы барабар және объективті ақпаратқа сілтеме жоқ. Осылайша, оқу процесін жетілдіруде сайтты пайдаланудың тиімділігі жеткіліксіз.

Комиссия мүшелері ББ шеңберінде дәл, объективті және жаңартылған ақпаратты жариялау қажеттілігін атап өтеді, оған төмендегілер кіреді:

- оқытудан күтілетін нәтижелері көрсетілген жүзеге асырылатын ББ;
- ББ бітіру бойынша біліктілікті тағайындау мүмкіндігі туралы ақпарат;
- бағалау процедуралары, оқу, оқыту туралы ақпарат;
- білім алушыларға ұсынылатын өту балдары мен оқу мүмкіндіктері туралы ақпарат.

Университет қызметі туралы ақпаратпен, ББ жүзеге асыру ерекшелігімен және барысымен қанағаттануды бағалау сауалнама, кері байланыс, ректор блогы (<http://arsu.kz/ru/content/blog-rektora-0>) арқылы жыл сайын өткізіледі. АРТА ССК сапары

кезінде студенттер арасында жүргізілген сауалнама ББ, курстар және академиялық дәрежелер туралы ақпаратпен қанағаттандырылғандар 76,2% құрайтындығын аңғартты.

ББ жыл сайын ҚР ЖОО арасында ББ Ұлттық рейтингісіне қатысады. Бұл процедура нәтижесі қоғамдық ашық дереккөздерде жарияланады және ерікті түрде жүзеге асырылады. Білім беру саясаты мен қазіргі заманғы үрдістерді бойынша басылым белсенділігін жандандыру жоспарланып отыр.

***Күшті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

Конференциялар мен форумдар өткізу, білім саясаты, ел және жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі дамуының ұлттық бағдарламалары бойынша белсенді жарияланым.

ББ бойынша оқыту, білім беру, бағалау рәсімі туралы жарияланатын ақпарат объективті сипаттамада.

Білім алушыларға ұсынылатын оқу мүмкіндіктері мен өту балдары туралы ақпарат бар.

Түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша мүмкіндіктер туралы ақпарат жарияланады.

ПО құрамы туралы ақпарат объективті сипаттамада және ақпарат алу үшін қолжетімді.

***ССК ұсыныстары:***

1. Бұқараны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесі мен елдің даму бағдарламалары туралы ауқымды ақпараттандырып отыру.

2. Университет сайтына аудиттелген қаржылық есептемесін орналастыру.

3. Университет сайтында қоғам, талапкер, ПО құрамы мен студенттер үшін қажетті және маңызды ақпаратты уақытылы жаңартып отыру.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 5, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B040900-Хореография: күшті – 0, қанағаттанарлық – 10, жақсартуды қажет етеді – 3; 5B010600-Музыкалық білім: күшті – 5, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 2.

**5.10. Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 21 маусымындағы №31 Бұйрығымен «Қазақстан Республикасының жоғарғы және жоғары білімнен кейінгі білім мамандықтарының жіктегішіне» ГК РК 08-2009 сәйкес 5B020700-Аударма ісі «Гуманитарлы ғылым» мамандықтар тобына жатады, 5B010600-Музыкалық білім білім беру бағдарламасы - «Білім», 5B040900-Хореография «Өнер» бағытындағы мамандықтар тобына жатқызылады.

***Дәлелдеме бөлімі***

Жоғарыда аталған білім бағдарламаларының дамуы түлектердің қажетті теориялық және практикалық дайындығына бағытталған.

Аударма ісі кафедрасы ПО құрамы кәсіби біліктілігін көтеру жүйесінде оң динамика байқалады. Искиндинова С.К., Кузясова А.М., Абдигалиева Ж.С., Голубева Н.Н., Фурман О.В., Кушанова А.Н., Баядилова А.Б. кафедра оқытушыларында ағылшын тілін әлемнің кез-келген елінде оқыту құқығын беретін Кэмбридж университетінің «Teaching Knowledge Test» (TKT) сертификаты бар.

Аккредиттелетін ББ шеңберінде дайындықтың қазіргі жағдайы жыл сайын курстық және дипломдық жұмыстар тақырыптарының жаңғыртылуымен, снымен бірге жұмыс берушілер ұсынысын ескере отырып жаңа элективті пәндердің енгізілуімен қамтамасыз етіледі.

Университетте Аударма ісі ББ шеңберінде маман дайындау бойынша басым бағытының бірі болып элективті пәндер каталогының жаңғыртылуы мен жасақталуы болып табылады. Осылайша, жұмыс берушілер сұранысы мен ұсынысы, өңірлік еңбек нарығының сұранысы бойынша келесідей пәндер жасақталды: «Терминология нефти и газа», мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алатын білім алушылар үшін «Синхронный перевод». Сабақтар филол.ғ.к., доцент С.К.Искинлирова, филол.ғ.к., аға оқытушы К.Б.Коптлеуова, аға оқытушы А.М.Кузясова, Ж.С.Абдигалиева, жас маман О.В.Фурман секілді жетекші оқытушылармен жүргізіледі.

ББ ПО құрамының мақсатты бағытталған жұмыс нәтижесі болып білім алушылардың келесідей жетістіктері болып табылады: ҚазУХҚЖӨТ жыл сайын өтетін республикалық пәндік олимпиадаларда кафедра студенттері жақсы орындар алып жатыр (2014-2015 ж.ж. Байтурсунова С. – 2 орын; 2015-2016 ж.ж. Нагметова А. – 3 орын, 2016-2017 ж.ж. Молдашева Г. – 3 орын). Бұдан басқа, кафедра студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша алыс шетел елдерінде оқып жатыр: Канатбаева Карина 2016-2017 ж.ж. Глиндор университетінде оқыды, Уэльс, Ұлыбритания; 2 курс студенттері Бакыт Нурлы, Жумиев Нурсултан, Қоныспаев Қайрат және 3 курс студенті Кудайбергенова Зульфия осы оқу жылында (2017-2018 ж.ж.) Синьцзян қаржы-экономика университетін білім алып жатыр. Сонымен қатар, сыртқы академиялық ұтқырлық ұйымдастырылған, осыған сәйкес АӨМУ-де Аударма ісі кафедрасында Қырғызстан Республикасынан 2 студент оқып жатыр.

Сабақтарды өткізу, СӨЖ тапсырмаларын, соның ішінде курстық жобаларды, дипломдық жұмыстарды орындау үшін арнайы жабдықталған аудиториялар бар. Оқу процесінде лицензиялық жасақтама өнімдері қолданылады.

Бітіртуші кафедрада оқу процесіне заманауи педагогикалық технологиялар мен оқытудың жаңа әдістерін енгізу бойынша семинарлар ұйымдастырылып өткізілді.

Білім алушылардың кәсіби ортамен және мамандану саласындағы өзекті мәселелермен танысу мақсатында, сонымен қатар ҚР МЖМБС 05.03.2005-2009 сәйкес теориялық дайындық негізінде студенттердің оқу және өндірістік практикасына тапсырмалар және жұмыс бағдарламаларымен бірге оларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар жасақталды және бекітілді.

Білім алушылардың практикалық дайындығы Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (Karachaganak Petroleum Operating B.V.), «Ада оил» ЖШС, «Оилтехногрупп» ЖШС, «Intensepro» аударма бюросында және т.б. жүзеге тасырылады.

Практиканы өткізу ҚР МЖМБС (03.08.253, 2010 ж.), 23.08.2012 ж. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандартына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі қызметтің типтік ережелеріне (20 мамыр 2013 жылғы №499 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген), Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ кәсіби практика туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Сәтті практика нәтижесінде кафедраның көптеген түлектері практика орны бойынша тұрақты жұмысқа орналасуға жұмыс берушілермен шақыртылады.

5В010600-Музыкалық білім ББ меңгеру барысында білім алушыларға өнер, білім бері саласындағы өзекті білім ұсынылады, Модульдік білім беру бағдарламаларында көрсетілген негізгі құзіреттілікке сәйкес коммуникация дағдылары, тұлғаны және мінез-құлықты талдау қалыптастырылады.

Жобалық қызмет технологиясына аса көп көңіл бөлінеді, оқытудың интерактивті әдістері, сыни ойлау стратегиясы, кейс-технологиялар, рөлдік және іскерлік ойындар,

тренингтер қолданылады. Өз бетінше білім алу дағдылары ББ түрлі пәндерін оқу кезінде кеңінен қолданылатын жеке тапсырмаларды орындау барысында тиімді қалыптасады.

Кафедра оқытушылары «Универ» ААЖ жүйесінде оқытылатын барлық пәндер бойынша студенттер біліміне ағымдық және аралық бақылауды жүргізуге мүмкіндік беретін шығармашылық жұмыс бойынша өзін-өзі бақылау үшін әзірленген тапсырмаларды, сұрақтарды, сонымен қатар, мультимедиялық проекторларды, интерактивті тақталарды пайдалана отырып оқу курстарының презентациясын өткізуді кеңінен қолданады.

Инновациялық технологияны енгізу мақсатында бірқатар шаралар өткізіледі: инновациялық технологиялар курсы, әдістемелік материалдарды шығару, мастер-кластарды бейнетаспаға жазу, ПО құрамына арналған білім беру семинарлары және т.б.

Мамандану саласында білім алушылардың практикалық дайындығын күшейту үшін кафедралар шаралар жүргізді. Практиканың барлық түрлері Музыкалық білім кафедрасының практика базасы болып табылатын кәсіпорын базаларында өтеді.

Инновациялық технологияны енгізу мақсатында бірқатар шаралар өткізіледі: инновациялық технологиялар курсы, әдістемелік материалдарды шығару, мастер-кластарды бейнетаспаға жазу, ПО құрамына арналған білім беру семинарлары және т.б. Оқытушы А.А.Ермекбаев байқауларға белсенді қатысып, музыкалық пәндерді оқыту сапасын жақсартуға арналған мультимедиялық технологияларды пайдалану бойынша мастер-кластарды өткізеді. Кафедра оқытушылары республикалық деңгейде кафедра меңгерушісі п.ғ.к. Н.Е.Мукеевамен «ЖООда «Музыкалық білім» мамандығының модульдік білім беру бағдарламасының проблемасы мен оның даму перспективасы»; «Использование современных педагогических технологий в музыкальном образовании в вузе», «Болашақ мамандарға тиімді құзыреттілікті қалыптастырудағы интерактивті оқыту», аға оқытушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткер Г.Ж.Мамбетовамен «Применение инновационных технологий в методике преподавания казахского фольклорно-этнографического танца», ҚР еңбек сіңірген қайраткері М.О.Айтимовпен «Заманауи вокалдық өнер» онлайн-семинарлар ұйымдастырылды.

5В040900-Хореография ББ бойынша практикалық тәжірибе оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады, білім сапасын, білікті маман ретінде қалыптасуда жұмысқа орналасу мен кейінгі мансаптық өсуін анықтайды. Мамандық бойынша практикалық тәжірибелерді қамтамасыз ету үшін Музыкалық білім кафедрасымен практикаға бірқатар шаралар енгізілген: - теориялық, практикалық және сахна материалдарын бекіту мен практикалық дағдыларды меңгеруге студенттерге мүмкіндік беретін практика өткізуге келсімшарт пен меморандумдарға сәйкес жұмыс берушілер базаларында өндірістік және дипломалды практикалар өткізу; оқу процесіне сабақ барысында өздерінің жетекші бай педагогикалық және басқарушылық тәжірибесімен бөлісетін практик-хореографтарды, музыканттарды дәріс оқуға шақыру. 5В040900-Хореография ББ шеңберінде студенттердің шығармашылық емтихан жұмысын алқалық бағалау механизмі бар. Студенттердің шығармашылық жұмысына баға қою кезінде шешім алқалы қабылданады, яғни кафедра меңгерушісі мен кафедраның бейіндік оқытушылары кіретін комиссия құрылады. 5В040900-Хореография ББ білім алушыларға дағдыларды меңгерту шеңберінде барынша көп пәндер мен шараларды қамтиды, мысалы 2017 жылы аға оқытушы Мамбетова Г.Ж. және мамандық студенттері Минтай Глеубаевқа арналған «Спасибо, Мастер!» естелік кешіне Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясына Алматыға шақырылды, мұнда олар мастер-класқа және Гала-концертке қатысты. Қазақстан елшілігімен

Хореография мамандығының студенттері мен оқытушы, «Гүлнар» хореографиялық ансамбілінің жетекшісі Мамбетова О.Н. Араб Әмірлігінде, Алжир Республикасында, Франция мен Түркиядағы концерттік бағдарламаларға қатысуға шақырылды.

ББ аяқтаған соң түлектер ғылым мен мәдениет, хореография саласында кәсіби күзiреттiлiктердi игередi. Сонымен қатар, олар хореографиялық ұжымдарда, театрларда, студиялардың, орта бiлiм мекемелерiнiң ансамбльдерiнде ұйымдастырушы болып табылады. Осылайша, 5B040900-Хореография ББ бойынша оқу нәтижесi болып табылады: бiлiм алушыларда еңбек нарығында сұранысқа ие күзiреттiлiктердi қалыптастыру, кәсіби қызметке дайындықты қалыптастыру, бiлiм алушылардың әлеуметтенуiне, жалпы тұлға мәдениетiн қалыптастыруға септiгiн тигiзетiн жеке, кәсіби және әлеуметтiк дамуы.

#### ***Талдама бөлімі***

Аккредиттелетiн бiлiм бағдарламалары мамандану саласында практика мен ғылым жетiстiктерi, сонымен қатар, қазiргi педагогикалық технологияларды пайдалану негiзiнде жүргiзiледi. Жүргiзiлген талдау қорытындысы негiзiнде ССК мүшелерi келесiдей қорытындыға келдi.

Практика түрлерiмен және сонымен байланысты аспектiлер көрсетiлген, фактiлермен дәлелдендi, оқу нәтижесiнде игерiлетiн негiзгi бiлiктер мен дағдылар бейнеленген. Қарастырылып отырған ББ практиканың әртүрлi түрлерiн қамтиды: оқу, өндiрiстiк, және дипломалды практика.

Сонымен қатар, қарастырылып отырған ББ бiлiм алушыларын кәсіби сертификаттау қарастырылмаған. Жетекшi отандық және шетелдiк жоғары оқу орындарының бiлiм бағдарламаларын сәйкестендiру тек академиялық ұтқырлық процесi ретiнде көрсетiлген, және оқытылатын курстарды бiрлесiп жасақтауды қарастырмайды.

Мамандану кәсіпорындарында Жекелеген пәндер немесе мамандықтарды өткiзу туралы мәлiмет келтiрiлмеген және ССК сапары барысында расталған жоқ.

#### ***Күшті жақтары/ үздік тәжірибелері:***

Аккредиттелетiн ББ түлектерiнiң жұмысқа орналасуын талдауға мүмкiндiк беретiн статистика бар.

#### ***ССК ұсыныстары:***

1. ББ басшылығына бiлiм беру бағдарламаларын жетекшi отандық және шетелдiк жоғары оқу орындарының ББ-мен сәйкестендiрудi жүйелi түрде жүргiзу және бiрiккен ББ жүзеге асыру мүмкiндiктерiн қарастыру.

5B020700-Аударма ісі үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 1, қанағаттанарлық – 5, жақсартуды қажет етеді – 0; 5B040900-Хореография: күшті – 5, қанағаттанарлық – 3, жақсартуды қажет етеді – 2; 5B010600-Музыкалық бiлiм: күшті – 1, қанағаттанарлық – 5, жақсартуды қажет етеді – 0.

## **(VI) КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ/ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР**

«Бiлiм беру бағдарламасын басқару» стандарты

Университетте инновацияларды басқару жұмысы мен ББ шеңберiнде инновациялық процестердi енгiзу тиiстi деңгейде.

ББ басшылығының бiлiм алушылар, ПО құрамы, жұмыс берушiлер мен өзге мүдделi тұлғалар үшін қолжетiмдiлiк пен ашықтық қағидасы ұстанған.

Академиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ББ ПО құрамы түрлі инновациялық әдістер мен технологияларды пайдаланады.

ББ басышылығы білім алушылар үшін жайлы аудиторлық қор ұсынылады және жаңғыртылып жатыр.

ББ ПО құрамы біліктілікті көтеру процесіне белсенді қатысады.

Баламалы оқыту траекториялары бар мамандықтардың модульдік жұмыс жоспарларының жасақталуы.

Мамандық бойынша түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары көрсеткіштері.

Білім алушылардың кәсіби тәжірибе өтуге арналған кәсіпорындардың, білім беру және концерттік ұйымдардың жеткілікті дамыған жүйесі бар.

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты

ББ шеңберінде жинақталатын және талданатын ақпарат Форма мен түрлер кесіндісіндегі білім алушылар контингентінің динамикасын ескереді.

Ақпаратты жинау мен талдау және оның негізінде шешімдер қабылдау процесіне ПО құрамының, қызметкерлер мен білім алушылардың қатысуы қамтамасыз етіледі.

Университетте ББ жүзеге асырылуы мен ЖОО-да оқыту сапасымен білім алушылардың қанағаттану деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмыс тиісті деңгейде қойылған.

Жүйлендіру үшін және жарғылық мақсатта келісімдері құжатта берілген білім алушылардың, жұмысшылар мен ПО құрамының жеке мәліметтерін қолдану және Заңмен бекітілген ақпаратты жинау мен өңдеу процедурасы ретке келтірілген.

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты

Білім беру нәтижесі мен тұлғалық қасиеттерді сипаттайтын жасақталған түлек моделінің болуы;

Білім бағдарламасында нәтижені қалыптастыруда пәндер мен кәсіби тәжірибелердің әсері байқалады.

Қазақстандық және ECTS кредиттерінде ББ еңбек сыйымдылығы нақты айқындалған ББ мазмұны бакалавр деңгейінің талаптарына сәйкес келеді.

«Тұрақты мониторинг және білім беру бағдарламаларын мерзімдік бағалау» стандарты

Аккредиттелетін ББ бойынша оқытумен білім алушылардың қанағаттануы, жоғары ынталандырудың болуы;

ББ білім ортасы мен білім алушыларды қолдау қызметі жүйелі бағаланады;

ББ басшылығы жұмыс берушілермен бірге кафедра отырыстарында талқыланатын жоспарланған өзгерістер туралы ақпараттандырады.

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты

Оқытудың түрлі әдістерін пайдалану және оқу нәтижесін бағалау бойынша кері байлданыс жүйесінің болуы;

Оқытушының қатар жетекшілік ету мен көмек көрсету барысында білім алушылардың автономиясын қолдау.

Әрбір ББ үшін оқу нәтижесін бағалау механизмінің объективтілігін, ашықтығын және сабақтастылығын ЖОО қамтамасыз етеді.

«Білім алушылар» стандарты  
дарынды білім алушыларды қолдау механизмінің болуы.

білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуіне, түлектердің жұмысқа орналасуына көмектесуге және олармен байланыста болуына күш салынады.

ББ түлектерінің жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізіледі.

«Профессор-оқытушылар» стандарты

Барлық штаттың кәсіби құзіреттілігін қамтамасыз ететін, жалдау, кәсіби мансап пен жұмысшылардың дамуын қамтитын объективті және ашық кадрлық саясатының болуы.

ЖОО басшылығымен жас оқытушыларды даму мүмкіндігін ұсыну бойынша мақсатты бағытталған қызметпен қамтамасыз ету.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты

Аккредиттелетін ББ аудиторлық қор мен материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету бойынша ЖОО басшылығының белсенді жұмысы.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты

Конференциялар мен форумдар өткізу, білім саясаты, ел және жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі дамуының ұлттық бағдарламалары бойынша белсенді жарияланым.

ББ бойынша оқыту, білім беру, бағалау рәсімі туралы жарияланатын ақпарат объективті сипаттамада.

Білім алушыларға ұсынылатын оқу мүмкіндіктері мен өту балдары туралы ақпарат бар.

Түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша мүмкіндіктер туралы ақпарат жарияланады.

ПО құрамы туралы ақпарат объективті сипаттамада және ақпарат алу үшін қолжетімді.

Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар

Аккредиттелетін ББ түлектерінің жұмысқа орналасуын талдауға мүмкіндік беретін статистика бар.

## **(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ**

1. Мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылмаған жағдайда шараларды қабылдау мен жақсарту жұмыстарын қамтитын тұрақты мониторинг қызметі кіретін сапа мәдениетін дамытуды күшейту. Сапаны қамтамасыз етуді ұстану мердігерлер мен серіктестер (аутсорсинг) қызметінің бәріне, бірлескен/екідипломдық білім беру мен академиялық ұтқырлыққа қатысты болуы тиіс.

2. ББ жобалау, қауіп-қатерлерді басқару, мониторинг, жақсарту шаралары мен фактілер негізінде шешім қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің университетішілік жүйесін дайындау.

3. ББ басшылығы ББ бірегейлігі мен даралығын, ББ даму жоспарының ұлттық даму ұстанымдары мен Университеттің даму стратегиясымен сәйкестілігін айқындау және тұжырымдау жұмыстарын жүргізуі тиіс.

4. ЖОО-ның шынайы жайғасымы мен оның мемлекет, жұмыс берушілер, мүдделі тұлғалар мен білім алушылар сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған қызметіне жүргізілген талдау негізінде 5B040900-Хореография ББ жақсарту мақсатында мүдделі тұлғалардың кең ауқымын қамту арқылы ББ даму жоспарын әзірлеуді белсендіру.

5. Мамандыққа кәсіби тұрғысынан келу (бастапқы және орташа деңгейлер) көзқарасын ескере отырып, 5B040900-Хореография ББ даму жоспарын жетілдіру.

6. Ақпаратты жинақтау мен талдау және соның негізінде шешім қабылдау процесіне қызметкерлердің, білім алушылар мен ПО құрамының қатысуын белсендіру.

7. 5B040900-Хореография ББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру мақсатында өңделген, нақты ақпаратты жүйелі түрде қолданатындығын көрсетуі тиіс.

8. Бірлескен ББ әзірлеу мақсатында жетекші республикалық және шетелдік білім беру ұйымдарымен әріптестік орнату.

9. Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігін ұсыну.

10. ББ басшылығы ғылымның соңғы жетістіктерін, еңбек нарығының өзгерістері мен жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып, ББ мазмұнын қайта қарастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

11. Білім алушылардың тәжірибеге бағытталған дайындығын қалыптастыруға қатысты ББ мазмұнын оңтайландыру жұмысын жетілдіру.

12. ББ оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулерді әзірлеу мен тарату мақсатында семинарлар мен тәжірибемен алмасулар өткізу.

13. Аккредиттелетін ББ бойынша қосымша оқыту траекторияларын таңдау мүмкіндіктерін қарастыру.

14. ББ оқу пәндерін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми зерттеулер әзірлеуді белсендіру.

15. Шетелдік студенттерді қолдау мен бейімдеуге арналған жұмыстарды ұйымдастыру.

16. ББ білім алушыларының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын дамыту мүмкіндігі мен сыртқы білім гранттарын алуына көмектесу.

17. 5B040900-Хореография ББ бойынша студенттерді қабылдауды арттырудың тиімді шараларын әзірлеу (ауқымды жарнамалық акция, студенттік концерт ұйымдастыру мен ашық есік күндері, аудан қалаларына шығу).

18. Академиялық ұтқырлық шеңберінде кеңейтілген халықаралық ғылыми-шығармашылық байланыстарды кеңейту және шығармашылық жобалар әзірлеу негізінде аккредиттелетін ББ ПО құрамының ЖОО даму стратегиясын жүзеге асыруға қосатын үлесін арттыру.

19. Аккредиттелетін ББ ПО құрамын күшейту. ББ ПО құрамының ғылыми дәрежелілігі мен ғылыми біліктілігін көтеру жұмыстарын белсендіру.

20. 5B040900-Хореография ББ басшылығы ББ шеңберінде академиялық ұтқырлықты дамытуға, хореографиялық пәндердің ерекшеліктерін ескере отырып, хореография пәндері бойынша шетелдік және отандық үздік оқытушыларды тартуға көңіл аударуы қажет.

21. ҒЗЖ қорытындыларына және бітіру жұмыстарына сапалы сараптаманы жүзеге асыру үшін «Антиплагиат» бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінің жұмысын ұйымдастыру.



22. Білім беру ұйымының территориясында WI-FI жұмысы мен интернет желісінің қолжетімділігін жетілдіру.

23. Оқу процесіне қажетті жаңа фортепианомен, баяндармен және қобыздармен қамтамасыз ету.

24. 5B040900-Хореография ББ бойынша ресурстық базасын күшейту. Хореографиялық залды кәсіби еден жабынымен қамтамасыз ету. Зал периметрі бойынша станоктарды бекіту. 5B040900-Хореография ББ бойынша кітапханалық ресурстарды мемлекеттік тілдегі материалдармен толықтыру.

25. Университет сайтына аудиттелген қаржылық есептемесін орналастыру.

26. Университет сайтында қоғам, талапкер, ПО құрамы мен студенттер үшін қажетті және маңызды ақпаратты уақытылы жаңартып отыру.

27. ББ басшылығына білім беру бағдарламаларын жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ББ-мен сәйкестендіруді жүйелі түрде жүргізу және біріккен ББ жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыру.



арта